

**МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА
ТІЛДЕРДІҢ ҮШТҰҒЫРЛЫҒЫН ДАМУ**

Бағдарлама

**АСТАНА
2013**

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА
ТІЛДЕРДІҢ ҮШТҰҒЫРЛЫҒЫН ДАМУ

Бағдарлама

АСТАНА
2013

Пікір жазғандар:

педагогика ғылымдарының докторы *А. Е. Жұмабаева*

педагогика ғылымдарының кандидаты *А. Ж. Салиева*

Астана қ. Гуманитарлық колледжінің бөлім меңгерушісі *Халықова А.М.*

Мектепке дейінгі ұйымдарда тілдердің үштұғырлығын дамыту:
бағдарлама. – Астана, 2013. – 52 б.

Мектепке дейінгі ұйымдарда тілдердің үштұғырлығын дамыту бағдарламасы мектеп жасына дейінгі балаларға (4-5 жастағы) тілдердің үштұғырлығын үйрету мақсатын іске асыруға бағытталған. Бағдарламада мектепке дейінгі ұйымдарда тілдерді үйретудің ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің технологиялық карталары, бағдарлама бойынша меңгерген білімдерінен күтілетін нәтижелері, қосымшалар берілген.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі педагог қауымға, педагогикалық жоғарғы оқу орындары мен колледждердің студенттеріне арналған.

«Мектепке дейінгі балалық шақ»
республикалық орталығы, 2013

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында білім беру саласындағы стратегиясы және саясаты айқындалды.

Елбасы «балаларымыз қазақ тілімен қатар **орыс және ағылшын** тілдерін де белсенді меңгеру үшін жағдай жасауға» шаралар қабылдау қажеттігін көрсетті. Көрсетілген үш тілдің әр қайсысы кез-келген салада өзінің қолданыс мүмкіншілігін барынша ашуы тиіс.

«2011 – 2020 жылдарға арналған ҚР Тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасы» тілдерді дамыту мен қолданудың нормативтік-құқықтық және әдіснамалық базасын жетілдіруге бағытталған кешенді шаралар өткізуді қарастырады. Сонымен қатар, мемлекеттік тілді үйрену және оны қолдануда жаңа технологиялар мен әдістерді енгізу бойынша кешенді шаралар жоспарлануда.

Білім беруді жаңғырту үдерісін мектеп жасына дейінгі кезеңнен бастаған қажет, өйткені бұл кезеңде тұлғаның қалыптасу негізі қаланады.

Қазақстандағы көптілді білім беру моделі, әр білім алушының мектеп жасына дейінгі кезеңінен бастап, ел дамуының игілігі үшін бойындағы тұлғалық қабілеттерін ашуға үш тілді - қазақ, орыс, ағылшын тілдерін қарқынды түрде меңгеруге бағытталған. Тілді қазіргі замандағы диалогтың құралы ретінде қолданатын тұлғаны қалыптастыру білім беру үдерісінің негізгі мақсаттарының бірі болып табылады. «Тілді иеленуші тұлға» тек лингвистикалық қабілеттерінде емес, сөйлеу әрекетінде сөзді түсініп өз ойын тұжырымдау қабілетінде байқалуы тиіс, бұл қасиет біртіндеп басқа тілде сөйлесу кезінде өзінің адами әлеуеті мен кәсіби құзыреттілігін жүзеге асыра алатын «екінші тілді меңгерген» тұлғаны қалыптастырады.

Қазіргі замаңғы еңбек нарығы маманнан саяси-әлеуметтік, көп мәдениетті, қарым-қатынас, ақпараттық құзыреттіліктерін меңгеруді талап етеді. Көптілді құзыреттілігі жеке тұлғаға өзін мәдени-әлеуметтік және кәсіби салаларда шындауға ықпал етеді, өркениетті диалог негізінде адами және жұмысқа байланысты қатынас жасауға мүмкіндік береді.

Көптілді құзыреттілікті отандық және шетелдік ғалымдар, көп этникалық қоғамда жеке адамға жеңіл бейімделіп өзін шындауға мүмкіндік беретін құзыреттілік ретінде қарастырады.

Қазіргі таңда ең алдымен мектепке дейінгі ұйымдардың деңгейінде көптілді білім беру мазмұнын бір жүйеге келтіру қажет. Бұл тілдік дайындықтың нормативтік базалық деңгейін бастауыш, орта, жоғары және жоғарыдан кейінгі білім беру деңгейінде көптілді құзыретті қалыптастыруды сабақтас жалғастыру үшін қамтамасыз етуі қажет.

Мектеп жасына дейінгі кезең тілдерді үйренуге ең қолайлы кезең екендігін, бала жетерлік зейін қоюға, логикалық ойлауға қабілетті екендігін, балада жетерлікті ес көлемі бар екендігін есепке ала отырып, үш тілде оқытуды мектепке дейінгі ерте жастан бастау қажеттілігі туындайды. Бұл

тілдерді ары қарай үйренуде сөздердің лексикалық қорын құруға мүмкіндік береді.

«Тілдердің үштұғырлығының» өзектілігі практикалық маңыздылығымен де себепші. Мектеп жасына дейінгі балалар алған білімдерін мектепте оқыған кезде де қолдана алады. Мектепке алғашқы барған кезде балалардың ең бастысы — екінші тілді ары қарай үйренуге қызығушылықтары қалыптасуы, белгілі білім көлемі жинақталуы тиіс, бұл балаларға бастауыш мектепте тілдердің үштұғырлығы бағдарламасын жеңіл меңгеруге мүмкіндік беретін.

Мемлекеттік тіл рухани және ұлттық бірліктің басымдылығымен негізделген. Ана тілін білу Қазақстанның мектеп жасына дейінгі ерте жастан бастап әрбір азаматының, міндеті мен борышы, өзінің бәсекеге қабілетті бола білуін және қоғамдық өмірге араласуды айқындайтын ынталылығы болуы тиіс.

«Мектепке дейінгі ұйымдарда тілдің үштұғырлығын дамыту» бағдарламасы» мектеп жасына дейінгі балалардың үш тілде бірдей белсенді сөздік қорын дамытуға бағытталған. Тілдердің үштұғырлығы мектеп жасына дейінгі балалардың мемлекеттік тілде, Қазақстан Республикасының аумағындағы екінші болып есептелетін, жалпы қолданыстағы орыс тілінде және халықаралық тілі болып саналатын - ағылшын тілінде қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыруға негізделген.

Бағдарламаның мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларға мектепке дейінгі ұйымдарда ағылшын, орыс және қазақ тілдерін үйретуді ұйымдастыру, үш тілді меңгерген тұлғаны тәрбиелеп дамыту.

Міндеттері:

- мектеп жасына дейінгі балаларға ана тілін және шет тілдерін үйретудің тиімді бағдарламаларын қолдану бойынша шетел педагогтерінің озық тәжірибелерін зерттеу;

- мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық және тілдік қабілеттерін қалыптастыру әдістемесін әзірлеу;

- тілдердің үштұғырлығын дамыту үшін лексикалық материалды іріктеп алу және жүйеге келтіру;

- мектеп жасына дейінгі балалардың үйреніп жатқан тілдері бойынша жиі қолданылатын және жиі қолданылмайтын сөздік қорларын дамыту жағдайын анықтау;

- көптілді үйрету бойынша балалардың білімдерін бағалау критерийлерін әзірлеу.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА АНА ТІЛІ МЕН ШЕТ ТІЛДЕРІН ҮЙРЕТУДІҢ ТИІМДІ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ҚОЛДАНУ БОЙЫНША ШЕТЕЛ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕРІН ТАЛДАУ

Ана тілін және шетел тілдерін үйрену оқу процесінің бөлігі бола тұра, білім берудің негізгі компоненттерінің бірі болып табылады.

Осыған байланысты, педагогтардың, психологтар мен әдіскерлердің басым көпшілігі балаларға ана тілі мен шет тілдерін мектепке дейінгі ерте жастан бастап үйрету оңтайлы шешім деген ұстанымда, себебі мектеп жасына дейінгі кезең — тұлғаның негізгі қасиеттері қалыптасатын, дене дамуының, эмоционалды, ақыл-ой негіздері қалыптасатын кезең болып саналады

(Ш. А. Амонашвили, Н. А. Бонк, Л. А. Венгер, И. Н. Верещагина, Л. С. Выготский, П. Я. Гальперин, Н. А. Горлова, Э. П. Комарова, А. А. Леонтьев, Е. И. Негневицкая, Г. В. Рогова, Е. Н. Трегубова, А. М. Шахнарович және т.б.).

Әдетте, мектепке дейінгі ұйымда танымдық-тәрбиелік үдеріс (оқу элементтерімен) ойын іс-әрекеті арқылы қамтамасыз етіледі.

Осы ретте, ана тілі мен шет тілдерін мектепке дейінгі ерте жастан бастап үйренуге қазіргі заманғы қоғамның қызығушылықтары артқан және бұл қазіргі заманның талабына сай қажеттіліктерден туындайды. Қазіргі таңда бұл қажеттіліктің жоғары болуына байланысты, осы сұранысты қамтамасыз ететін мектепке дейінгі ұйымдардың саны артты. Ана тілі мен шет тілдерін мектепке дейінгі ерте жастан бастап үйрету мектепке дейінгі ұйымдарда, балаларды дамыту орталықтарында, мектепке даярлық курстарында жүргізіледі.

Шетел педагогикалық теориясы мен практикасында мектеп жасына дейінгі балаларға ана тілі мен шет тілдерін үйрету бойынша белгілі тәжірибе жинақталған: А. А. Миролюбов, И. В. Рахманов, В. С. Цетлин, Н. И. Гез, М. В. Ляховицкий, А. А. Миролюбов, С. К. Фоломкина, С. Ф. Шатилов, И. М. Берман, Г. Л. Китайгородская, Т. Ю. Тамбовкина, Г. В. Рогова, И. Н. Верещагина, Р. Роуз.

Ана тілі мен шет тілдерін үйренуде мектеп жасына дейінгі балалармен жүргізілетін жұмыс ерекшеліктері Г. И. Алешинаның, Ш. А. Амонашвилидің, Е. Ю. Бахталиняның, Е. А. Глухареваның, А. А. Леонтьеваның, Е. И. Негневицкаяның, З. Н. Никитенконың, Е. Ю. Протасованың және А. М. Шахнаровичтің еңбектерінде қарастырылған.

Ресей психологиясында да (Л. С. Выготский, С. И. Рубинштейн), сонымен қатар, шетел психологиясында (Б. Уайт, Дж. Брунер, В. Пенфильд, Р. Робертс, Т. Элиот) ересекке қарағанда бала шет тілдерін жылдам әрі жеңіл меңгертіндігі туралы деректер бар.

Сенситивті кезеңнің ұзақтығын әр автор әртүрлі сипатайды: Пенфильд пен Робертс бұл кезеңді 4 жастан бастап 8 жасқа дейін деп белгілесе, Элиот — 1,5 жастан бастап 7 жасқа дейін деп көрсетеді.

Елімізде соңғы онжылдықтар арасында болған өзгерістер халықаралық байланыстардың едәуір кеңеюіне себепші болды, соның нәтижесінде, шет

тілін меңгеру мәдениет арасындағы қарым-қатынас құралы ретінде қажеттілігі біршама артты.

Шет тілі табиғат, қоршаған орта, өзіндік ерекшелігі, ұлттық дәстүрі, балаларға арналған халық ертегілері, фольклоры, әуені, өлеңдері мен әндері сияқты өзіндік құндылықтарымен балаға жаңа әлемді танып білуге жол ашады.

Осылардың барлығы мектеп жасына дейінгі балаларда әлем туралы біртұтас бейнені; өзге адамдарға деген төзімділікке тәрбиелеуді; шет тілін меңгеруге қызығушылықты өмірлік маңызы бар құрал ретінде баулуды қалыптастыруға ықпал етеді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту сипаттамасы

Мектеп жасына дейінгі балалардың психофизиологиялық дамуына негізделетін тілдердің үштұғырлығын (қазақ, орыс, ағылшын) оқытудың өз ерекшеліктері бар. Психологтардың пайымдауы бойынша мектеп жасына дейінгі балалардың қабылдауы, есте сақтауы, зейіні еріксіз болады. Балалар өз қабылдау үдерісін басқара алмайды, кез-келген затты өздігінен талдай алмайды. Балалардың есте сақтауы тек қана фотографиялық сипатта болады, сонымен бірге мектеп жасына дейінгі бала барлық қабылдағанын кейін қолдануды ойланбайды.

Бала зейінінің ерекшелігі — назарын сырттағы көзге түсер заттармен аударатыны. Қабылданатын заттарға қызығушылық сақталып отырғанға дейін зейіні жинақталған болып тұрады. Негіз қалаушы сөйлеу дағдылары мен іскерліктері мектеп жасына дейінгі балаларға әлі тән емес, бұл мидың оң жақ жарты шеңберінің сол жарты шеңберіне қарағанда артығырақ дамығанына байланысты. Бұл мектеп жасына дейінгі балалар қиын логикалық тізбектерін құруды, біртепті фразаларда сөздерді алмастыра алуды, фразаны лексикалық бірліктер ретінде қабылдай алмайтынына әкеліп соғады. Сондықтан, оқыту осы ерекшеліктерді ескере отырып құрылуы және бастауыш мектептегі оқытудан айырмашылығы болуы қажет.

Мектеп жасына дейінгі бала зейіннің ұзақ концентрациясын сақтай алады, оның мақсатқа бағытталған іс-әрекетті қажет етіп, ол жеткілікті лексикалық қорды, өзінің коммуникативті қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін сөйлеу модельдерін меңгереді.

Осы жас аралығында адамдардың қарым-қатынастарына қызығушылығы дамып, қоршаған ортаның заттарын тану шеңбері кеңейеді. Балалар осы жасында қоршаған ортаның заттары арасындағы кейбір байланыстарды және тәуелділіктерді өздігінен орнатады. Бұл жас аралық сөйлеудің барлық қырлары мен қызметтерінің дамуы үшін сензитивтілігімен сипатталады.

Тілдерді меңгеру үшін ең қолайлы кезең ретінде 4-5 жас аралық екендігін мамандар атап көрсетуде. Психологтар (Л. С. Выготский, С. Л. Рубинштейн, А. А. Леонтьев, Б. Уайт, Дж. Брунер, В. Пенфильд, Р.

Робертс, Т. Элиот) бала төрт жасынан бастап ересек адамға қарағанда шет тілдерін оңай меңгере алатынын пайымдайды.

Осы жаста тілдік материалды есте сақтауы берік болады, фонематикалық естудің жоғары деңгейі белгіленеді. Шет тілді меңгеруде үзіліс болса да, меңгерілген дағдылар ұзақ уақытқа дейін сақталатын болады. Мектепке дейінгі жастағы меңгерілген сөйлеу жылдам қалпына келетіндігі белгілі.

Мектеп жасына дейінгі балалардың басқа тілді меңгеруі (қазақ, орыс, ағылшын негізгі ана тілге байланысты) өз ерекшеліктері бар, олар осы жас аралығындағы балалардың психофизиологиялық ерекшеліктерінде негізделеді. Психологтардың пайымдауынша мектеп жасына дейінгі жастағы балалардың қабылдауы, есте сақтауы мен зейіні еріксіз сипатта болады. Балалар өз қабылдау үдерісін басқара алмайды, кез келген затты өздігінен талдай алмайды. Балалардың есте сақтауы ерекше фотографиялық қасиетке тән, бірақ, сонымен қатар, қабылданатынның барлығын кейін қолдануды олар ойланбайды. Бала зейінінің ерекшелігі – сырттағы қызық заттар оның зейінін тудырады. Қабылданатын объектілерге қызығушылық сақталғанға дейін зейіні жинақталған болады. Сөйлеудің негізгі дағдылары мен іскерліктері мектеп жасына дейінгі балаларға әлі де тән емес. Бұл балалардың қиындатылған логикалық тізбектерді құра алмайтындарына, біркелкі фразаларда сөздерді алмастыра алмайтындарына, фразаны лексикалық бірліктердің жиынтығы ретінде қабылдай алмайтындарына әкеліп соғады.

Сондықтан осы ерекшеліктерді ескере отырып, оқытуды ұйымдастыру бастауыш мектептегі оқытудан және шет тілді оқытудың жалпыға танымал әдістемесінен, мектептегі әдістемеден айырмашылығы болуы қажет.

Сөздік қорын дамыту бойынша жұмыс келесі бағыттарда жүргізіледі:

- белсенді және пассивті сөздік қорын байыту;
- сөздікті бекіту мен нақтылау;
- сөздікті белсендіру;
- әдеби тілден тыс сөздікті жою.

Сөздік жұмысының мазмұнын күрделілендіру келесі бағыттардан тұрады:

- заттар мен құбылыстар тұтастай қабылдаумен бірге сөздікті меңгеру;
- заттар мен құбылыстардың қасиеттерін, бөлшектерін, олардың қатынастарын білдіретін сөздерді түсіну арқылы сөздіктің өсуі. Бұл үдеріс қабылдауға, талдау мен салыстыру сияқты ойлау операцияларға қабілеттілікті қажет етеді;
- қарапайым түсініктерді білдіретін сөздерді лексикаға кіргізу. Заттар мен құбылыстарды маңызды белгілері бойынша жалпылау іскерлігін қалыптастыру.

Тілдердің үштұғырлығы бойынша бағдарламаға қоршаған орта жайлы түсініктерді келесі тараулар арқылы енгізу керек:

- жеке-тұрмыстық;

- қоғамдық өмірдің құбылыстары;
- туған елі (Қазақстан) және тілдердің үш тұғырлығы құрамына кіретін елдер (Ресей, Ұлыбритания) туралы білім;
- адамдардың еңбегі және кейбір еңбек әрекеттерін орындау үшін қолданатын құралдар;
- адамдардың жылжу құралдары, көліктер мен байланыс түрлері;
- табиғаттың өмірі (табиғи құбылыстар мен маусымдық өзгерістер туралы білім).

Балалардың сөздігін үш тілде дамытуда жеке - тұрмыстық бағдарға кіретін лексикалық материал ерекше орын алуда. Ол жеке гигиена үшін заттар туралы білімі, жайларды безендіруі, жиһаз, тұрмыстық техника. Ортаңғы топтағы (4-5 жас) балалар өз туыстарының өмірі туралы, олардың есімдері туралы мәлімет алуы тиіс. Отбасының өмірі, ата-анасының еңбегі туралы білуі тиіс.

Балалар балабақша жайларында еркін бағдарлануы, өзінің мекен-жайын, жасын білулері тиіс.

Сөздікті байыту бойынша жүргізілетін жұмыста әр түрлі заттарды, ойыншықтарды, заттық және сюжеттік суреттерді қарау бойынша жұмыс ерекше орын алады.

4-5 жаста белсенді сөздік қорының мазмұны баланың айналадағы адамдармен сөйлеу қарым-қатынасы үшін қажет сөздерді жинақтауға бағытталған.

Тілдердің үштұғырлығын дамыту үдерісінде лексиканың негізгі бөлігін айрықша мәнді (зат, сын есімдер, етістік, сан есім, одағайлар, есімдіктер) сөздерді кіріктіру керек. Бұл сөздер атаулар ретінде қызмет ететін түсініктерді білдіріп, сөйлемдегі негіз (бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, пысықтауыш, толықтауыш рөлінде) болып табылады. Балалардың сөйлеуі, біріншіден, ерекше мәнді сөздер арқылы баюы тиіс.

Балалар сөйлеу кезінде төмендегідей біліктер мен дағдыларды білуі тиіс:

- айналадағы адамдармен қарым-қатынас орнату үшін қажетті, балалардың әлеуметтік-адамгершілік түсініктерін білдіретін сөздер мен сөйлемдерді;
- заттардың және олар жасалған материалдардың атауларын (ағаштан, қағаздан, пластмассадан);
- тірі жандардың және олардың тіршілік орталарының атауларын, кейбір еңбек үдерістерін (жануарлардың қоректенуі, көкөністерді өсіру, кірді жуу, дастарханға ыдыстарды даярлау және т.б.);
- заттарды, тірі жандарды, табиғи құбылыс бөліктерін, олардың қасиеттерін және сипаттарын; түстердің реңдерін, дәмдік сапасын, объектілердің және құбылыстардың сапа дәрежесін белгілейтін сөздерді;
- түрлерді жалпылауды білдіретін сөздерді меңгеріп, **қолданулары тиіс.**

Осы жастағы балалармен жұмыс барысында үш тілде жалпы дамытатын лексикалық ойындар ойнату үшін уақыт бөлу қажет.

Сөйлеудің лексикалық жағы

Жиі қолданылатын сөздік қорға бір уақытта 4-5 жаңа сөз кіреді. Енгізілген сөздердің арасында бір-бірімен байланысы бар бірнеше сөздер болуы шарт.

Балаларға ана тілінің құрамына кірмейтін сөздерді жаттауға беру дұрыс емес. Балаларға ұсынылатын жаңа лексика баланың санасында жатталып, сіңіп қалуы тиіс. Ортаңғы топта шет тілдеріндегі сөздік қорлары 100-150 лексикалық бірлікті құрауы тиіс, оның ішінде 1-ден бастап 5-ке дейін санау, бір-бірімен сөйлесу кезіндегі жалпы қолданатын сөздер, тұрмыстық заттарды және киім-кешекті сипаттайтын сөздер бар.

4-5 жастағы балалардың сөйлеуін дамыту

4-5 жастағы мектеп жасына дейінгі бала өзін қоршаған табиғатқа: жануарларға, өсімдіктерге, ауа-райының құбылыстарына деген белсенді түрде қызыға бастайды. Бұл жас кезеңінде «Неге?», «Не үшін?», «Қайдан?» деген сұрақтар пайда болады.

5 жастағы балалар үшін табиғат жайлы білу қажет болса, сондай-ақ қоршаған орта туралы білулері қажет.

Балалардың танымдық және сөйлеу мүмкіндіктері едәуір өседі. Мектеп жасына дейінгі ортаңғы топтағы балалардың білімге деген құштарлықтары жоғары, әлеуметтік және табиғи болмысты меңгеруде белсенділік танытады.

Осы кезеңде балалардың сөздік қоры 2200 сөзге дейін жетеді. Балалардың ересектермен және құрбыларымен қарым-қатынас жасау барысында танытатын дербестігі және ынталылығын тәрбиелеу - 4 жастағы балалардың сөйлеу дағдыларын дамыту бойынша негізгі бағыт болып табылады. Балалар байланыстырып сөйлеу дағдыларын меңгереді, сөздік қорлары кеңейеді, сөйлемді грамматикалық тұрғыдан дұрыс құра бастайды.

Байланыстырып сөйлеуді дамыту

Балалар диалогтік және полилогтік сөйлеу білігін меңгеріп, айналадағы адамдармен қарым-қатынасты жеңіл жасайды.

Сұрақ қояды, қойылған сұрақтарға жауап береді, құрбыларының жауаптарын тыңдайды, ортақ сұхбатта ынталылық танытады, әңгімелесушінің сөзіне кедергі келтірмей сөзін тыңдап содан кейін сөйлейді, әңгімелесу барысында тәрбиешінің көмегіне жүгініп қойылған сұрақтың мәтініне байланысты түрлі типтегі сөйлемдерді қолданады.

Балалар ересектерге және құрбыларына сыпайы сөйлеу мәнерін, ризашылықпен сөйлеуді, ренішін және наразылығын білдіруге үйренеді. Өзінің және құрбыларының сөйлеу барысында жіберген қателерін жөндейді.

Монолог құру біліктерін меңгереді: заттарды сипаттап 5-6 сөйлемнен тұратын әңгіме құрайды, өзінің көрген-білгенін айтып әңгімелеп береді, әдеби туындыларды мазмұндайды.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ ТІЛДІК ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ

Үйрету мен жұмыс тәртібін ұйымдастыру түрлері

Үйрету іс-әрекетін ұйымдастырудың жетекші түрі - топпен жұмыс істеу болып табылады. Топтардың толымдылығы – 8-12 адамнан артық емес. Тілдің үштұғырлығын дамыту бойынша ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері 4-5 жастағы балаларға - аптасына 1 рет, ұзақтығы 20-25 минуттан, ал 5-6 жастағы балаларға - аптасына 2 рет, ұзақтығы 25-30 минуттан жүргізіледі. Тілдің үштұғырлығын дамыту бойынша ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері барысында алынған білім барлық режимдік кезеңдердің үдерісінде күнделікті: сәлемдесу, киіндіріп шешіндіру, тамақ ішу, ұйқыға дайындық, ойындар мен серуендер барысында бекітіледі.

Мектепке дейінгі ұйымдарда тілдердің үштұғырлығын дамыту бағдарламасының педагогикалық пайдалылығы мектеп жасына дейінгі балаларға тілдердің үштұғырлығын үйрету көптілді тұлғаның негізін қалыптастырудағы алдын-ала маңызды кезеңдерінің бірі ретінде қарастырылуында болып табылады. Тілдердің үштұғырлығы бағдарламалық мазмұны негізінде балалардың үйреніп жатқан тілдерінде сөздердің, дыбыстардың, сөйлемдердің дұрыс айтылуы қалыптасады, сөздік қоры жинақталады, ана тіліндегі және басқа тілдегі сөзді түсіну мен қабылдау білігі және жеңіл диалог құруға қатысу білігі қалыптасады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда тілдердің үштұғырлығын дамыту бағдарламасының педагогикалық маңыздылығы мектеп жасына дейінгі балалардың заманауи қоғамдағы жалпы қолданылатын тілдердің негізін меңгеруімен шарттастырылады. Тек қана ана тілі емес, сонымен қатар ұлтаралық қарым-қатынаста шет ел тілдерінің ауыз екі тілін меңгеру тұлғаның зияткерлік, эмоционалдық және адамгершілік дамуымен тығыз байланысты.

Тілдік дағдыларды дамытудың негізгі мазмұны мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу мен оқыту бағдарламаларының «Қатынас» білім беру саласында анықталады. «Қатынас» білім беру саласының мақсаты үйретілетін тілдердің ауызша және ауызша емес құралдарымен қоршаған ортадағы адамдармен қарым-қатынас жасауға қабілетті мектеп жасына дейінгі көптілді тұлғаны тәрбиелеу болып табылады.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері бойынша қойылатын негізгі талаптар: жалпы уақыттың 5–10 минуты үш тілде жүргізілетін жалпы дамытушы лексикалық түрлерге (сергіту кезеңдері, санамақтар, дидактикалық ойындар, тілдік және фонетикалық дайындықтарға, тақпақтар мен ұйқастырмаларға) бөлінеді.

Балаларға тілдердің үштұғырлығын үйрету әдістемесі

Ағылшын тілін үйрету әдістемесін таңдау барысында балалардың жас ерекшеліктерін ескеру қажет.

1. Ойын әдістемесі балаларды да, педагогтарды да қызықтырады. Ол қарапайымдылығымен тиімді: оқытушы тілді үйрету және жетілдіруді бойынша сабақты ойын түрінде жүргізеді. Әдістеменің құндылығы – ол бір жастан бастап бейімді, әдістеменің көмегімен ауызекі тілді, дұрыс айтылуды, орфографияны, грамматиканы және т.б. дамытады.

2. Зайцевтің әдістемесі үш жастан бастап балаларға арналған. Бастапқыда әдістеме қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыруға әзірленген болатын. Ендігі кезекте оны ағылшын тілін үйрету үшін бейімдеп, лайықтады. «Зайцевтің белгілі текшелерінде» ағылшын алфавитінің де әріптері пайда болды.

3. Глен Доманның әдістемесі сәбилерге арналған. Бұл әдістемеде баланың көру есі қатыстырылған, атаулары жазылған суреттер есте сақталады және оқуға үйрету үдерісін одан әрі жеңілдетуге көмектеседі, карточкаларын қолдан жасауға болады. Карточкалармен сәбилермен ғана емес, сонымен қатар, ересектеу, тіпті мектепалды жастағы балалармен де жұмыс жасауға болады.

4. Жобалау әдістемесі 4-5 жастағы балаларға арналған. Тілді үйретуші сабақтар жүйесі үшін тақырып таңдайды, берілген тақырып бойынша қызықты бір нәрсе білуде балаларға көмектесетін әртүрлі іс-әрекет түрлерін ұсынады. Балалар дербес орындауы үшін (немесе ата-аналарының көмегімен) тапсырмалар алады. Қорытынды сабақтың уақыты келгенде балалар жобаның тақырыбына ауқымды шығармашылық жұмыстарымен келеді.

5. Аралас әдістеме – бұл жерде таңдауы бойынша түрлі әдістемелерді құрастыруға болады. Мысалы, ойындар ойнауға, тақпақтар мен әндер жаттауға, жобаларды әзірлеуге және т.б. болады. Әдістеменің құндылығы – әртүрлілігі. Түрлі іс-әрекетті ұсына отырып, баланы қызықтыру жеңілірек.

Мектеп жасына дейінгі кезеңде тілді үйретудегі барлық тәжірибелерді басшылыққа ала отырып, үйде өз балаңызбен дербес айналысуға болады. Немесе, үйретудің барлық жас ерекшелік аспектілері ескерілетін тіл мектептерін таңдауға көмектеседі. Сонымен қатар Сіз өз балаңызға үй жұмысын орындауға немесе оның жаңа еліктіретін ермегіне қызығушылығын бөлісе аласыз.

Дербес шығармашылық іс-әрекет

Заттық-дамытушы ортаның тілдік кеңістікке енуі үшін:

- таспа, диск және басқа да тасымалдағыштарда музыкалық аудио материалды;
- сөздік үстел үстіндегі – баспа ойындары, құралдар, кітаптар;
- жағдайға байланысты, рөлдік, лексикалық мазмұны бар сахналандырылған ойындар;
- ертегілерді сахналау мен тақпақтарды мәнерлеп оқуда балалар өздерінің жетістіктерін көрсете алатын ертеңгіліктер, мерекелер қажет.

Жұмыстың түрлері мен формалары

Мектепке дейінгі оқыту тұжырымдамасының негізін қалайтын кезеңдер оқытудың әдістемелерін, тәсілдерін, үлгілері мен құралдарының спектрін кеңінен қолдануға әкеледі. Бұл ретте балалардың жеке, сонымен қатар, олардың жалпы мәдени дамуы мен микро әлеуметтік ортасы – отбасының ерекшеліктері ескеріледі.

Негізгі тәсілдері:

- а) балалардың таныс емес тілде үлкендердің тіліне еліктеуі;
- б) көру, есту және әсем бейнелерді құру. Нәтижесінде, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде оқытудың ауызша емес құралдарының басымдылығы (суреттер, заттардың графикалық бейнелері мен сөйлемдердің құрылымдары, музыка);
- в) оқу-дидактикалық ойындарды қолдану;
- г) жұмбақтар;
- д) өз ойын білдіріп, өзін-өзі бағалауды арттырудағы психологиялық кедергілерді болдырмайтын ертегілер мен шағын әдеби шығармаларды драмалау.

Жұмыс ұстанымдары:

1. Мадақтаудың түрлі құралдарын ауызша және материалдық қолдану.
2. Бала бойында баланың тілдік қабілетін арттыратын педагог пен балалар арасындағы оң қарым-қатынастарды қалыптастыру.
3. Оқыту үдерісінде педагогтің ана тіліндегі сөйлеуін 5–10% дейін шектеу (бала тілін жаңа үйренетін тілде 90%).
4. Лексиканы жүйелі енгізу: лексикалық тапсырмаларды арттырып, біртіндеп бекіте отырып 3 сөзден бастау. Соңында күнделікті өмірде жинақталған сөздік қорын белсендіру.
5. Балалардың қысқа мерзімді есін ескере отырып, әрдайым алдыңғы өткен материалға қайта оралып, оны келесі қайталауларға енгізу.
6. Сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған дұрыс тілдік құрылымдарға үйрету.
7. Жұптық және топтық үйретулерге айрықша ықылас бөлу. Бұл топта қолайлы психологиялық ахуал құруға және тілдік кедергілерді жоюға көмектеседі.
8. Педагогтің сұрақтары мен бұйрықтарының балаға әсерінің жылдамдығын дамытады.

5-6 жастағы балалардың сөйлеу дағдысына сипаттама

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалар ана тілін еркін меңгереді. Тілдің белсенді сөздік қоры 2500-3000 сөзді құрайды. Бұл балалардың үлкен тәжірибесімен (алдыңғы кезеңдермен салыстырғанда), олардың зияткерлік қабілеттерінің дамуымен: көп бейнелі байланысын құру іскерлігімен, бар білімдерін жеңіл қолдану, жалпылап, қорытынды жасай білуімен байланысты.

Қарым-қатынас адамның көңіл күйі мен эмоционалдық күйін анықтау, өзінің ішкі дүниесін түсіну тәсілдерімен өзін-өзі нормаларын меңгеруге бағытталады. Бұл жастағы балалар үшін айналасындағы адамдардың тілдеріне сын көзбен бағалау қарым-қатынасы мен өз ойының нақтылығын қадағалау қабілеттерін дамыту тән.

Бұл жаста балалар сөздердің дыбысталуы мен мағынасына, оның дыбыстық түріне, тілдегі сөздердің тіркестері мен қабысуларын қызығушылықпен таниды.

Әңгімелесушілердің назарын өздеріне аударудағы мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың талпынысы өзінің тілін мәнерлі, бейнелі етудегі әрекеттерінен байқалады. Бұл жаста балалар тілдің дауыс ырғағының құралдарын қолданумен ғана емес, сонымен қатар, тілге тән эпитет, теңеу, метафора секілді мәнерлілік құралдарын меңгеруге қабілетті.

Мектепке дейінгі ересек жаста балалардың тілінде елеулі дербес ерекшеліктер білінеді.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың тілін дамытудағы басты бағыттар:

- байланыстырып сөйлеу және мазмұндылығы (диалог және монолог);
- тілдің шығармашылығы мен мәнерлілігін дамыту;
- сөйлеу әрекеттеріндегі жеке қабілеттерін дамыту.

Байланыстырып сөйлеуін дамыту

Балалар өзара қарым-қатынастың талдау, адамдардың адамгершілік қырындағы қылықтарын, дәлелді бағалай білудегі мәселелерін меңгере бастайды. Балалар диалогтік және полилогиялық сөйлеу іскерліктерін меңгереді: қоршаған ортамен қуана тілдік қарым-қатынасқа түседі. Олар ұжымдық әңгімелесулерге қатысып, сыпайы түрде сөйлесудің қабылданған нормаларын: әңгімелесушіні мұқият тыңдау, сұрақты дұрыс қою, сұратарға жауап беру, балалардың жауабын тыңдау, ұжымдық әңгімелесулерге қатысу, ортақ әңгімені қолдау, әңгімелесушіні бұзбай кезекпен сөйлеуді қолдана алады.

Өз пікірлерін айналасындағыларға түсінікті, ұжымдық әңгімелесулерге қатысып, ортақ әңгімені қолдау; қарым-қатынастың міндеттеріне сүйене отырып әңгімелесушіні бұзбай кезекпен сөйлеуді есепке ала отырып құруы тиіс. Олар үлкендермен және балалармен тілдік байланысын құру тәсілдерін білуі тиіс (атымен, атымен және әкесінің атымен атау, өтінішін сыпайы түрде білдіру, кешірім сұрау, қызметіне алғыс білдіру, баяу, достық екпінмен сөйлеу).

Әңгімелесу барысында (тәрбиешінің көмегімен) қойылған сұрақтың сипатына қарай сөйлем түрлерімен қолдану.

Ересектер мен құрбыларына өтініш, алғыс, реніш, шағым түріндегі сыпайы қарым-қатынас үлгілерін білу.

Өзінің және құрбыларының тіліндегі қателер мен олқылықтырады анықтап, оларды жөндеу.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың байланыстырып сөйлеуін дамытудың басты міндеті монологтік және полилогиялық тілін жетілдіру болып табылады.

Сөздікті дамыту

Балалар тұрмыстық сөздікті, табиғат пен тұрмыстық заттардың атауларын, олардың қасиеттері мен сапаларын, құрылымын, материалы мен оның ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс және нақты қолдануды белсенді меңгерулері тиіс. Нысанның пішіні, өлшемі мен басқа да белгілерін білдіретін сөздерді меңгеруді жалғастыру.

Ересектер тобында (5-6 жас) балалар материалдардың неден жасалынғаны, олардың қасиеттері туралы көбірек білулері тиіс. Кейбір заттар мен бұйымдардың дайындалу үдерісін білу (пісіру, жасау, тігу, үтіктеу және т.б.). Алты жаста балалардың сөздігі заттардың материалы, қасиеті мен күйін жалпылайтын сөздермен толықтырылады.

Балалар өзіне таныс заттардың қасиеті мен сапасын анықтауға қажетті зерттеу әрекеттерін дербес қолданып, оларды атаулары тиіс (сипау, үрлеу, умаждау, қолында өлшеу, иіскеу және т.б.).

Ересек топтағы сөздік жұмыстардың жетекші мазмұны жалпылаудың тегі мен түрлерін жалпылауды білдіретін сөздерді түсініп қолдану болып табылады.

Бұл жаста балалар заттарды салыстыруды, басты белгілерін табу, осылардың негізінде заттарды топтарға біріктіру іскерліктерін меңгереді. Заттарды өздеріне тән белгілері бойынша біріктіру қабілеттерін меңгереді. Ыдыс-аяқ, жиһаз, киім, аяқ киім, көкөністер, жемістер, көлік және т.б. түсініктерді біледі.

Сөздердің ұғымдық мазмұнын меңгеру балаларға сөздердің ауыспалы. басқаша айтылған мағынадағы сөздерді түсініп, қолданудағы жаңа деңгейге өтуге мүмкіндік береді.

5-6 жастағы балалардың сөздігін толықтыру әлеуметтік өмірдің құбылыстары мен оқиғаларына, адамның ішкі дүниесімен және сыртқы қылықтарына қызығушылығының артуымен байланысты. Түрлі мамандықтағы адамдардың еңбегімен таныстыру барысында олардың сөздігі заттар мен еңбек құралдарының, жұмысқа қажетті техниканың, еңбек іс-әрекеттері мен оларды орындалу сапасының атауларымен толықтырылады.

Тілдің грамматикалық дұрыстығы

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалар тілдің барлық негізгі грамматикалық түрлерімен қолданулары тиіс. Балалар құрбыларының тіліндегі грамматикалық қателерді анықтауға және оларды жөндеуге; грамматикалық формаларды дербес қолдануға үйренеді.

Тілдің дыбыстық мәдениеті

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалар дыбыстарды дұрыс айтуға және сөздерге дыбыстық талдау жасау іскерліктеріне үйретіледі. Олар ана

тілінің барлық дыбыстарын анық, дұрыс айта білулері тиіс. Күнделікті сөйлесу барысында дыбыстарды дұрыс айта білуге жаттығады.

Өлеңдерді оқып, әдеби шығармаларды мазмұндау барысында балалар түрлі дауыс ырғағының құралдарымен қолдана білуі тиіс: сарын, сөйлеу ырғағы, қисынды екпін. Бұл құралмен балалар өзіне туған емес (қазақ және ағылшын) тіліндеріндегі өлеңдерді оқу және әдеби шығармаларды мазмұндау барысында да қолданулары тиіс.

Монологтік сөйлеу

Балалар алдына қойылған коммуникативтік жағдайға байланысты тіл материалының бағдарламасына орай ойын, білімдік және тұрмыстық әрекеттерді айқындап, алдын ала дайындықсыз ойындағысын жеткізу тиіс. Өзінің пікірін айту мөлшері 3 сөз тіркесінен кем емес және тілдік тұрғыдан дұрыс рәсімделген болуы тиіс.

Пікірін айту сипаттамадан (сурет, бұйым, ертегілер кейіпкерлерінің әлпеті және т.б.), оқиғадан (дос, отбасы мүшесі, үй жануары және т.б.) тұруы мүмкін.

5 жасқа толғанда баланың сөйлеу қабілеті және танымдық қасиеті жоғарылайды. Орта жастағы балалар әлеуметтік және табиғат ақиқатын меңгеру жолында өте белсенді, білімқұмар, бағынышсыз болып табылады.

4 жасар балалардың тіл үштұғырлығын дамытуға жұмыстарының орталық бағыты олардың ересек адамдармен және құрдастарымен сөйлесіп араласудағы ынтагерлігі мен өзіндігін тәрбиелеу, монолог түрлерін оқу болып табылады.

Балалар сөйлеу дағдысына ие болады, сөз байлығы артады, сөйлеуі біртіндеп грамматикалық тұрғыдан дұрыс болып қалыптасады.

Оқытудың негізгі қағидалары қызықтылық, жүйелілік, түйіндемелік, қол жетімділік, көрнекілік және қарым-қатынас болып табылады.

«Тілдің үштұғырлығының дамуы» атты курсты аяқтаумен қатар лексика-грамматикалық құрылымдардың зерттелген ресми деректері дағдылармен, белгілі тақырып бойынша айқын сөйлеу білу, оқып жатқан тілдерде өлеңдер мен тақпақтарды білу.

Монологты сөйлеуді үйрену: (5-6 сөйлемнен құралған) заттар туралы әңгімелер, және тәжірибе оқиғаларын құрастыру; әдеби шығармалардан түсінігін айту, суреттер бойынша мәтін құрастыру. Ойыншықтар, суреттер бойынша баяндамалық әңгімелер шығару, жұмбақтар мен салыстырмалы жұмбақтар құрастыру.

Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік қабілеттерін дамыту барлық салаларда жүзде асады, бірақ мектепке дейінгі мекемелерде басты оқытудың түрі балалардың сөйлеу қабілетін дамыту бойынша ұйымдастырылған оқыту қызметі болып табылады. «Қатынас» білім саласы құрылымының әрекеті әр түрлі өзара байланыстағы сөйлеу жұмысының, сөздікті жетілдіру және жандандыру, грамматикалық сөйлеу тіркесін қалыптастыру, дыбыстық сөйлеу мәдениетін және т.б. тарауынан үдеріс

ретінде белгіленеді. Мектепке дейінгі жаста осы кезеңдегі жасына қарап өзара байланысты монолог сөзін дамыту негізгі мақсат болып табылады.

Оқыту тілдерінің дыбыс айтылуын қалыптастыру барысында есту қабілеті және фонематикалық қабылдау, сөйлеу аппаратының моторикасында дамып, сөйлеу мүшелерінің қозғалғыштығының мәні артады. Көптілде айтылуын қалыптастыруда фонематикалық есту қабілеті міндетті шарт болып табылады.

Мектепке дейінгі балалардың фонематикалық қабілетінің өте жоғары деңгейде дамитындығы байқалынады; олар дыбыстарды дұрыс айтады, оларда жіңішке және сараланған дыбыстардың сөз түрлерін және жеке дыбыстар айтуы қалыптасады. Осы жаста сөздің есту қабілеті, нақты дұрыс сөйлеу қабілетінің қалыптасуы маңызды болып табылады.

Сараланған дыбыстарды қабылдау қабілеті акустикалық және артикуляциялық дағдылардың даму барысында қалыптасады. Орыс, қазақ, ағылшын тілінде дыбыс шығару біртіндеп қалыптасып, 3 кезең арқылы өтеді:

- 1) артикуляциялық аппарат дайындау;
- 2) тұйықталған дыбыстың айтылуын нақтылау;
- 3) буындағы дыбыстар, сөзбен, фразалық сөзбен бекіту.

Бірінші кезең сөйлеу аппаратына артикуляциялық қимылдардың дайындығына бағытталған. Бұл шараны арнайы ұйымдастырылған дыбыстық сөйлеу мәдениетін және қазақ пен ағылшын тілінде сөйлеуді оқыту қызметінде іске асыру қажет. Күнделікті тәртіптік сәт уақытында, таңғы гимнастика, жуыну барысында артикуляциялық аппаратты шынықтыру үшін жаттығулар орындауға болады. Дыбысты зертеу үдерісінің құрылымы фонетикалық қабілетін дамыту әдістемесіне кірістірілген «Қатынас» білім саласында ана тілінде оқыту және тәрбиелеу бағдарламасында толық сипатталған.

Дыбыс шығаруды қалыптастыру дұрыс мұқамды құрау мен тығыз байланысты. Дұрыс мұқам балалардың сөйлеу аппаратының қимылы, дұрыс координациясы арқылы қалыптасады.

Фонетикалық дағдылар педагогтың жетекшілігімен қалыптасады. Оның сөйлеуі арқылы жаңа лексика еңгізіледі. Сөздің мағынасы аудару немесе көрсетілім арқылы айқындалады. Сөзбен жұмыс істеу түрлі жаттығуларды оқшаулы түрде, сонымен қатар дыбыстық үлгілері де жүргізіледі.

Барлық балалар игеруге міндетті негізгі лексикалық қормен қатар рецептивті игерілетін лексиканың мөлшері: күнделікті әдетті айтылатын сөздер, ресми мәтіндермен ұйқастырмаларда кездесетін лексика.

Жаңа сөздерді саралап айтуды жөндеу тек таза қолдану және жаңылтпаштарды қолдану арқылы жүзеге асады.

Сөйлеудің дұрыс ырғағы мен екпінін қалыптастыруда сөйлеу тынысы ерекше орын алады.

Сөйлеу тынысы тыныстық гимнастиканың барысында дамиды. Тыныс гимнастикасында әр түрлі сюжетті жаттығулар қолданылады: («Сағат»

«Ұшақ» «Сорап» және т.б.). Тыныс гимнастика әр түрлі ойын жаттығулар түрінде өтеді. Балалар мақта шарларын, қағаз сызықшаларын, айнамаларды үрлейді, сабын көпіршіктерін жебереді.

Ана тілі емес тілдің өзіне тән ерекше дыбыстарын өңдеу, сөз есту дамуының жалпы әдістемесі және арнайы әдістмесі «Тіл үштұғырлығын дамыту» бағдарламасын іске асыру барысында қолданылады.

Үштұғырлығы тілдерінің дамуы барысында келесі ерекшеліктерді ескеру қажет:

- оқытудағы тілдердің сөз әрекеті белсенді түсіну және айту үдеріс ретінде қалыптасуы керек;

- оқыту әдістемесі қызмет принципінде (қолда бар мотивы, мақсатқа сәйкес қойылған тепе-тең тәсілдер мен мақсаттар) тұрақтау керек;

- қарапайым пікір айту дағдысы (сөз таңдау, оның өзгеруі, ұйқас ойын жеткізіп таңдау) арқылы қалыптастыру қажет;

- мектепке дейінгі жастағы балаларға сөйлеу жағдайында және оқытылып жатқан тілдегі қарым-қатынаста тұспалдама дағдыға оқыту қажет.

Тіл үштұғырлығына қарасты тілдер, ұйымдастырылған күрделі жүйені құрайды. Оларды игеру қарым-қатынас кезінде жаңа сөздерді пайдалану арқылы тек белгілі сөздік қорын есте сақтаумен жинақталған жағдайда ғана мүмкін.

Сөздік жұмыс тілдер үштұғырлығын оқытудың алғашқы кезеңінде басым болып табылады, себебі тілдерді тәжірибеде игеру алдын ала пассив сөздікті жинақтаусыз мүмкін емес. Актив сөздікке жаңа сөздерді енгізу, бейнелер көру арқылы: ойыншықтар, нақты пішіндер, табиғи заттар, сюжеттік суреттер, фотосурет, сызбалар арқылы нәтижіле болып табылады. Жаңа сөздер айтылғанда өте мінсіз, айқын, ашық болуы тиіс. Меңгерілетін тілге енгізілетін жаналықтар келесі кезеңдерден өтуі қажет: педагогтың үлгісіне сүйене отырып жаңадан естіген сөздерді елестетіп қалыптастыра білуі; сөйлеу кезінде оларды танып және түсінуі.

Оқыту барысында жаңа сөздер және сөз тіркесі енгізілгенде өз ретімен енгізілуі қажет. Жаңа сөздер алғашқы рет енгізілгенде, балалардың назарын оларға және ерекше айтылуына аудару қажет. Бірақ балалардың жаңалықтарды шамадан тыс қабылдамауын қадағалау қажет.

Белсенді сөйлеуінде пайдаланатын сөздер біртіндеп енгізіліп және жүйелі түрде қайталанып тұруы қажет. Белсенді сөздікті толықтыру барысында фразалық сөйлеу біртіндеп күрделене жүзеге асуы қажет.

Мағыналы мәтіндердің, тақпақтар, өтірік өлеңдер, санамақтардың екпін мен мәнерлеп айтылуына аса назар аудару қажет.

Айтылу жағынан сөйлеуін жетілдіру, есту ықыласын дамыту, есту арқылы сөйлеуін жетілдіру үшін мынадай әр түрлі тәсілдер қолданылады:

- оқытылатын тілдің дыбыстарын және сөздерін дұрыс айтудағы педагогтың үлгісі;

- кейіпкер және бұйымдарды келтіру барысында дұрыс екпінді қолдану;

- бұйымдар мен кейіпкерді сахналау кезінде дұрыс екпін пайдалану;
- балаларға қажетті мәнерлі құралдар таңдау үшін қарастырылған сұрақтар;
- жеке сөздер, сөйлем, логикалық екпін қоюдың (қосылып, жекеше) қайталау жаттығулары;
- сөйлемдерді әр түрлі екпінмен (қуана, қаяулы, немқұрайлы) айтуға шығармашылық тапсырмалар;
- рөлмен оқу.

Жаттау немесе жатқа оқу өте көп пайдалануға болады (ертеңгілікте орындау, сәбилердің алдында көңіл көтеру, туыстардың сыйлығына және т.б.). Осы жаттығулар баланың күш-қуатын жұмылдырады, бірақ (бөгде) ана тілінен басқа тілде өз қалауынша айтуға қызықтырады.

Мектепке дейінгі жастағы ересек балалардың мәнерлеп сөйлеуі өте әр түрлі болып қалыптасады, сондықтан ұйымдастырылған оқыту қызметінде бірнеше әдіс-тәсілдер қолданылады.

Мектеп жасына дейінгі баланың қабылдау ерекшеліктерін ескере отырып, педагогтан жеңілдеткен түрде еске сақтау тәсілдерін қолдану талап етіледі. Балалар лексикалық мәліметті нақты бекіту барысында, оны бірнеше рет қайталау қажет. Баланың сөздік қорын бұрын белгісіз ұғым мен түсінікпен толықтыру үшін, қайталау барысында тек белгілі ғана емес жаңа да лексиканы пайдалану қажет.

Бастапқы кезеңінде орыс тілінде оқытылатын топтардың қазақ, ағылшын тілдерін оқыту барысында лексикалық, грамматикалық және фонетикалық дағдыны қалыптастыруға үлкен назар аудару қажет. Ол дағдылар болмаса сөйлеу өнері айтарлықтай сапалы болмайды, балалар дұрыс айтуды және оқытудағы тілдердің сөйлеу қалыптылығын сақтай алмайды.

Күнделікті әртүрлі тұрмыстық жағдайда жүзеге асырып, ұйымдастырылған оқу қызметі және дидактикалық ойын барысында өздігінен әртүрлі сөздіктерді қолданады. Маңызды тілдесуді ұйымдастыруда, балалардың сөйлеуге назарын аударуда, баланың жинақталған сөз қоры құрамының байлығын пайдалануда педагогтың рөлі маңызды болып табылады.

Театр әрекетінде, сүйікті ертегілердің ерекше үзінділерін сахналауда, кейіпкерлер диалогін пайдалану, қазақ және ағылшын тілдерін белсендіруге, грамматикалық құрылымды және жүйелі сөздің дамуына мүмкүндік туғызады. Мектепке дейінгі жастағы (қазақ және ағылшын) балалардың тілдерді үйрену барысында дыбыс мәдениетін меңгеру, балалардың анағұрлым белсенді сөздікті толықтыру барысын қарқындатады, тіл үштұғырлығы жағдайында тіл байланысын кеңейтеді.

Оқытылатын тілдердің дыбыстарын дұрыс айтуды қалыптастыруға оқыту барысында сөйлеу жаттығуларын өткізу қарастырылған. Мұндай жаттығуға дыбысты жеке, сөздің, сөйлемнің ішінде айту кіреді. Педагог

балаларды әрбір үйретілетін дыбыстың артикуляциясымен таныстыруға және оның барлық балалармен дұрыс айтылуын қадағалауға міндетті.

Тілдің үштұғырлығының дамытудағы жұмысты дұрыс ұйымдастыру және дұрыс жоспарлау үшін балалардың сөйлеу мүмкіндіктерін дамыту мен байытудың жалпы жағдайын анық білу қажет.

Оқытудағы алға басу көбінесе балалармен жұмыс жасаудың құрылымына тәуелді. Ұйымдастырылған оқу әрекетінің алғашқы кезеңінде (2-3 минутында) баланы қазақ және ағылшын тілдерінде еркін қызықты араласатын күйге түсіретін, кернеу мен шығармашылықты шешетін оқыту-ойнату әрекеттерін пайдаланған дұрыс.

Балалардың белсенділігін арттыру үшін олардың қазақ және ағылшын тілдерінде қарым-қатынас жасауға қатысуын күлімдеп, жақсы рең білдіріп, келесідей сөздермен мадақтап отырған дұрыс: «Жақсы!», «Жарайсың!», «Дұрыс!» және т.б.

Ұйымдастырылған оқу әрекетінде балалардың фонематикалық есту қабілетін, сөйлеу қабілеттері мен дағдыларын, қарапайым сөйлеуін дамытуға бағытталған 2-3 минуттық фонетикалық жаттығу («Фонетикалық минут») өткізу қажет. «Фонетикалық минут» келесі ойындар ретінде өткізілуі мүмкін: «Жаңғырық», «Алқа», «Сағат».

Балаларға таныс емес тілдегі жаңа сөздермен алғаш танысу кезінде кең мағынада көрнекілікті пайдалану қажет. Тек бұйымды көрсету мен оның атын атаумен ғана шектеліп қоюға болмайды. Шет тілдегі сөз баланың жадында ешқандай аудармасыз сақталу үшін оның тек есту және көру қабілетін ғана емес, сонымен қатар басқа талдағыштарды да іске қосу қажет: түйсіну (бұйымды ұстау), иіс сезімі (мысалға, раушан гүлін иіскеу), татым (мысалы, қант, балдың дәмін көру). Мүмкіндігінше заттың өзін содан соң ол заттың әртүрлі жағдайдағы, басқа заттармен салыстырмалы түрдегі суреттерін көрсету қажет. Мысалы: әр түрлі пішіндегі, әр түрлі көлемдегі үстел.

ТІЛДЕРДІҢ ҮШТҰҒЫРЛЫҒЫН ДАМУҒА АРНАЛҒАН ЛЕКСИКАЛЫҚ МАТЕРИАЛ

Лексика-грамматикалық құрылымдардың тақырыбын таңдау кезінде балалардың даму деңгейі, уәжі мен қызуғушылықтары, сонымен қатар мектепке дейінгі ана тілінде сөйлеуде танымдық қабілеті «Қатынас» білім беру саласы бойынша дамыту жоспарымен сәйкес ескерілуі тиіс. 4-5 жастағы балаларды ана тілінен басқа (бөгде) тілдермен таныстыру кезінде, осы жастағы үш тілге оқытудың ерекшелігіне сүйене отырып, пассив сөздіктің қорын біртіндеп жинақтап, белсенді сөздікке енгізу жұмысының ерекше маңызды екендігін білу керек.

Екінші кезеңде (4 жастағы балалардың оқыту кезеңіне қарағанда шамамен 40 пайызға күрделенеді) жаңа лексикалық бірліктер біртіндеп енгізілу және грамматикалық құрылысты күрделендіру барысында, лексика көлемі артып және грамматикалық құрылымы өрістейді. 5-6 жастағы балалар ІІ оқу кезеңнің соңында шамамен 150-180 лексикалық бірліктерді меңгеруі тиіс.

Әр тақырып өткен соң бақылау жүргізіледі. Ол үшін қайталауға және бекітуге, сонымен қатар сөздер мен құрылыстарды анықтау үшін қосымша уақыт бөлінеді.

Ұйымдастырылған оқу әрекеті 4-5 жастағы балалармен аптасына бір рет өткізілуі тиіс, ал 5-6 жастағы балалармен 20-25 минутқа дейін аптасына екі рет. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін таңғы (10-нан 12-ге дейін) сағатта өткізу тиімді болады. Ұйымдастырылған оқу әрекетінің тақырыптық үлгілеріне және тақырып бойынша үлгі сағаттарына үлгі-нұсқа төмендегідей.

№ р/с	Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің тақырыбы			Сағат саны	
	Қазақ	Орыс	Ағылшын	4-5 жас	5-6 жас
1	Танысу	Знакомство	Acquaintance	2	3
2	Амандасу	Приветствие	Greeting	1	3
3	Жануарлар	Животные	Animals	2	4
4	Көкөністер	Овощи	Vegetables	2	4
5	Жеміс-жидек	Фрукты	Fruit	2	4
6	Жыл мезгілдері	Времена года	Seasons	2	4
7	Киім	Одежда	Clothes	2	4
8	Түстер	Цвета	Colors	2	4
9	Мерекелер	Праздники	Holidays	2	4

10	Азық-түлік	Продукты	Products	2	4
11	Менің отбасым	Моя семья	My family	2	4
12	Дене мүшелері	Части тела	Parts of a body	2	4
13	Менің ойыншықтарым	Мои игрушки	My toys	2	4
14	Менің үйім. Пәтерім	Мой дом. Квартира	My house. Apartment	2	4
15	Мамандық	Профессии	Professions	2	4
16	Әлеппе	Алфавит	Alphabet	2	4
17	Ойын-сауық	Развлечения	Entertainments	2	4
18	Есеп	Счет	Account	2	4
19	Қорытынды сабақ.	Заключительное занятие	Final occupation	2	2
Барлығы:				36	72

Бағдарламаның негізгі материалын балалар ұйымдастырылған оқу әрекетінің барысында меңгеруі қажет.

Оқу барысында әр түрлі әдістемелік тәсілдерді қолдану қажет: ойын жаттығулар тыңдату, педагогтың дұрыс айту үлгісіне еліктеп қайталау, балаларға дұрыс мұқамды қалыптастыру, елестету, есте сақтау, ойлауды дамыту. Тақырыптық суреттер (қолтаңбасымен), әндер, тақпақтар, орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде мультипликациялық филімдерді көрсетуді өте жиі қолдану қажет. Белсенді лексиканы және сөйлеу стереотипін жинақтауда, моториканы дамытуға, сөйлеу-ой қабілетін жетілдіруге мүмкіндік беретін арнайы түрлі түспен бояу жаттығуларды, өңделген тақырыптық суреттерді нүкте арқылы орындалған белдеу міне осы тәсілдер негізгі тірек болып табылады. Осының бәрі сабақтың қызықты, жарқын, естен кетпес болатындай болуына мүмкіндік береді. Баламен даралап тіл табысу - тілдердің үштұғырлығының дамуының негізі болады.

Барлық грамматикалық материалдар белсенді түрде меңгеріледі. Балалар әр түрлі мазмұннан тұратын: жалпы, арнаулы, өздігінен сұрақ қою, өз ризашылығын білдіру, мақұлдау, жақтырмау, естігенін жоққа шығару сияқты сұрақтарға жауап берулері қажет. Сөз қарқыны дара сөйлеушінің қарқынына үйлеседі, диалогтағы автор сөзінің саны – әр әңгімелеушіде екеуден кем емес.

Грамматикалық дағдыны қалыптастыру

Балалардың грамматикалық сөйлеу жағын меңгеру сөйлеу үлгілері, функционалды түрде пайдаланудағы сөйлеушінің коммуникативтік ойын білдіру негізінде жасалады. Балалар зат есімінің жекеше түрін және көпше

түрін, Present Indefinite Tense, Future Indefinite Tense етістік түрлері, етістіктің жіктеулерінің 3-ші жақты жекеше түрінде меңгере алады. Сөйлеу үлгісін дұрыс пайдалану негізінде, сөйлем құрылымын дұрыс меңгеруге болады, ол балаларға ағылшынша белгеленген сөз реттілігін ұғындырады. Белгілі және белгісіз артикльдерді одан әрі, жіктеу есімдігі және сұрау есімдігі, тәуелдеу есімдігі, есептік сан есімінің 10-ға дейін, and жалғаулығын пайдалануды игереді.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар

№	Сабақ тақырыбы	Ай
1	Ағылшын тілінде сөйлейтін елдер. Амандасу.	қыркүйек
2	Хайуанаттар бағында кім тұрады?	
3	Жыртқыштар өздері туралы не баяндайды?	
4	Доптарды санап шығындар.	
5	Сіздерге қандай түстер ұнайды?	қазан
6	Жануарлар не жасай алады?	
7	Біздің достарымыз не жасай алмайды?	
8	Алисаның туылған күні.	
9	Сау болыңыз, профессор Бук!	қараша
10	Санамақты үйренеміз.	
11	Біз нені көріп тұрмыз және ол қандай түстен?	
12	Қоржындағы заттар.	
13	Қоржыныңда не бар екенін айтып берші.	желтоқсан
14	Сыныпта не бар.	
15	Сыныптағы заттардың түстері қандай?	
16	Ертегі кейіпкерлері не істей алады?	
17	Қандай ертегі кейіпкерлерін ұнатасың?	қаңтар
18	Меруерт қаласы сыйқыршысына өзің туралы айтып берші.	

19	Рождество және Жаңа жылға арналған құттықтау әні.	
20	Меруерт қаласында. Заттарды санаймыз.	ақпан
21	Ғажайып дүкендегі азық-түліктер. Саған не жеген ұнайды.	
22	Біздің үй жануарлары немен қоректенеді. Сен нені таңдайсың.	
23	Иттің қайда жасырынғанын айтып берші.	
24	Бір заттан қалай көп азық-түлік жасауға болады.	наурыз
25	Қанеки, достарымызды мақтайықшы!	
26	Кім үлкен, ал кім кішкентай.	
27	Винни-Пухтан тосын сый тақпағы	
28	Сурет салып үйренейік.	сәуір
29	Жазда не істейтіндерің жайлы айтып беріңдерші.	
30	Алисаға өзіңнің отбасың жайлы айтып берші.	
31	Піл баласы Дамбоның ойыншықтары.	
32	Ергежейлер үйіндегі ойыншықтарды санап шық.	мамыр
33	Диснейлендте қандай хайуанаттар тұрады.	
34	Ағылшын тілінде айтып бер (қорытынды сабақ)	

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде балалармен жұмыста келесі жұмыс түрлері қолданылады:

1. Айтылу жұмыстары
 - а) «Жанды тіл» ертегісі
 - б) жаңылтпаштар
 - в) ұйқастар
2. Ойыншықпен жұмыс.
 - а) ойыншықпен диалог
 - б) ойыншықтарды сипаттау
3. Суретпен жұмыс.

- а) суреттерді суреттеу
- б) «Не жоғалды?» ойыны
- в) «Суретті тап»

4. Өлеңдерді жаттау және мәнерлеп оқу.

- а) өлеңдер байқауы;
- б) дауыс ырғағын өзгерте сөйлеу, көңіл-күйдің өзгерісіне қарай мәнерлеп сөйлеу (жағымды, мұңлы, ашулы және т.б.)

5. Әндерді жаттау.

Әнді «Көрсет»

6. Қысқа әңгімелерді және көріністерді сахналау.

7. Қимыл-қозғалыс ойындары.

8. Қимыл-қозғалыссыз ойындары.

9. Шығармашылық ойындар.

10. Жағдаяттық диалогтарды айту.

11. Сурет бойынша әңгіме.

12. Әріптерді үйрену.

Топтағы жұмыстарды ұйымдастыру

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде балалар жарты шеңберде немесе шеңбер бойында тұрады, балалар педагогқа барынша жақын тұрған сайын педагогты жақсы көреді, жақсы естиді және жылы психологиялық климатты тудырады, сондай-ақ, әрекет түрлерін тез өзгертуге мүмкіндік береді. Сабақ тізбелік жүйеде құрылып, уақыт өте келе оқудың кезеңдерін мүмкіндігінше түрлендіреді.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін өткізудің үлгілі жоспары

1. Сәлемдесу.
2. Фонетикалық жаттығу
3. Өтілген лексикалық материалды қайталау.
4. Қимыл ойындарын қолдана отырып жаттығу.
5. Өткенді белсендіру және жаңа лексикалық материалды кіргізу.
6. Өлеңдерді және ұйқастарды жаттау.
7. Ағылшын тіліндегі мультфильмдерді қарау.

«Үй хайуанаттары» тақырыбы бойынша лексикалық материал

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Мысық	Кошка	Cat
Ит	Собака	Dog
Сиыр	Корова	Cow
Шошқа	Свинья	Pig
Ат, жылқы, бие	Лошадь	Horse
Саулық, қой	Овца	Sheep
Қой, қошқар	Баран	Ram
Ешкі	Коза	Goat
Өгіз	Бык	Bull
Үй қояны	Кролик	Rabbit
Түйе	Верблюду	Camel
Есек, қодық	Осел	Donkey

«Жануарлар және олардың балалары» тақырыбы бойынша лексикалық материал

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Мынау - ешкі	Это- коза	This is goat
Мынау -лақ	Это –козленок	This is a kid
Ешкі -лақтың анасы	Коза – мама козленка	The goat is the kid's mother
Мынау –мысық	Это- кошка	This is cat
Мынау –бала мысық	Это –котенок	This is a kitten
Мысық бала мысықтың анасы	Кошка – мама котенка	The cat is the kitten's mother
Мынау –шошқа	Это – свинья	This is a pig
Мынау – торай	Это –поросенок	This is a piglet
Шошқа торайдың анасы	Свинья – мама поросенка	The pig is the piglet's mother
Мынау –ит	Это собака	This is dog
Мынау –күшік	Это щенок	This is a puppy
Ит күшіктің анасы	Собака – мама щенка	The dog is the puppy's mother
Мынау –қой	Это - овца	This is a sheep
Мынау –қозы	Это- ягненок	This is a lamb
Қой - қозы анасы	Овца – мама ягненка	The sheep is the lamb's mother
Мынау –түйе	Это – верблюдица	This is a camel
Мынау –бота	Это- верблюжонок	This is a young of camel
Түйе - ботаның	Верблюдица – мама верблюжонка	The camel is the young of camel's mother
Мынау- сиыр	Это- корова	This is a cow
Мынау - бұзау	Это – теленок	This is a calf

Сиыр- бұзаудың анасы	Корова – мама теленка	The cow is the calf's mother
Мынау- бие	Это - лошадь	This is a horse
Мынау - құлынның анасы	Это- жеребенок	This is a foal (colt)
Бие - құлынның анасы	Лошадь – мама жеребенка	This horse is the foal's mother

«Жабайы жануарлар» тақырыбы бойынша лексикалық материал

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
касқыр	Волк	wolf
түлкі	Лиса	fox
аю	Медведь	bear
тышқан	Мышь	mouse
егеу құйрық	Крыса	rat
коян	Заяц	hare
кірпі	Еж	hedgehog
тасбақа	Черепаха	a turtle
тиін	Балка	squirrel
саршұнақ	Суслик	gopher
жолбарыс	Тигр	tiger
көртышқан	Крот	mole
бұғы	Олень	deer
сусиыр	Бегемот	hippopotamus
керік	Жираф	giraffe
піл	Слон	elephant
маймыл	Обезьяна	monkey
бизон	Бизон	bison
ала құлан	Зебра	zebra
киік	Антилопа	antelope
кенгуру	Кенгуру	kangaroo
сілеусін	Рысь	lynx
суыр	Сурок	marmot
арыстан	Лев	lion
мүйіз тұмсық	Носорог	rhino

Жабайы жануарлармен танысуға арналған лексикалық материал

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Ілбісін	Пантера	panther
Қабылан	Леопард	Leopard
Қаракұйрық	Газель	Gazelle
Сілеусін	Гепард	Cheetah
Аю	Медведь	Bear
Қодас	Як	Yak
Кұндыз	Бобр	Beaver

Атжалман	Хомяк	Hamster
Қорқау	Гиена	Hyena
Қар барысы	Снежный барс	Ounce
Енеке	Буйвол	Buffalo
Жайра	Дикобраз	Porcupine
Таутайлақ	Лама	Llama
Шиебөрі	Шакал	jackal
Жанат	Енот	Raccoon
Теңбілшер	Ягуар	Jaguar
Панда	Панда	Panda
Жабайы қабан	Дикий кабан	Wild boar

**Жануарлардың қоректену ортасымен таныстыруға арналған
лексикалық материал**

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Илеу	Улей	Beehive
Тауыққора	Курытник	Hen house
Сиырқора	Коровник	Cowshed
Шошқа қора	Свинарник	Pig-house
Кептерхана	Голубятня	Dovecote
Мал тұратын жер	Загон (для скота)	Corral
Ін	Нора	Hollow
Апан	Берлога	Den, lair
Кеуек	Дупло	Hollow
Қараторғай үйі	Скворечник	Bird-house
Ұя	Гнездо	Nest
Иттің үйшігі	Будка (конура)	Kennel
Аквариум	Аквариум	Aquarium
Тор	Клетка	Cage
Орман	Лес	Forest
Дала	Поле	Field
Шөл дала	Пустыня	Desert
Теңіз	Море	Sea
Таулар	Горы	Mountains
Бақ	Парк	Park
Өзен	Речка	River
Хайуанаттар бағы	Зоопарк	Zoo

Жануарлар денесінің мүшелеріне лексикалық материал

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Тұмсық	Морда	Muzzle
Қарын	Брюхо	Belly
Құйрық	Хвост	Tail
Құлақ	Ухо	Ear
Жал	Грива	Mane
Кекіл	Челка	Fringe
Арқа	Спина	Back

Шоқтық	Холка	Withers
Көз	Глаз	Eye
Азу	Клык	Fang
Тас қабық	Панцырь	Carapace
Аң терісі	Мех	Fur
Кауырсын	Перо	Quill, feather
Тері	Шкура	Skin
Мұрт (мысық)	Усы (кошки)	Whisker (s)
Шаш (жүн)	Волосы (шерсть)	Hair
Мұрын	Нос	Nose
Танау	Ноздря	Nostril
Аран ауыз	Пасть (рот)	Jaws
Өркеш	Горб	Hump
Пәлдың тұмсығы, піл- тұмсық	Хобот	Trunk
Тұяқ	Копыто	Hoof
Мүйіз	Рога	Horns
Тырнақ	Коготь	Nail
Табан, аяқ	Лапа	paw

«Сын есім және етісіктер» лексикалық материал

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Жабайы	Дикий	Wild
Ашулы	Злой	Evil
Қолға үйретілген	Ручной	Pet
Ақымақ	Глупый	Silly
Ақылды	Умный	Clever
Кішкентай	Маленький	little
Үлкен	Большой	Big
Әлсіз	Слабый	Weak
Күшті	Сильный	Strong
Жуан семіз толық	Толстый	Fat
Жіңішке арық	Тонкий, худой	Thin
Таза	Чистый	Clean
Лас	Грязный	Dirty
Дымқыл	Мокрый	Wet
Құрғақ	Сухой	Dry
Тoқ	Сытый	Fed
Аш	Голодный	Hungry
Сау	Здоровый	Healthy
Ауру	Больной	Sick
Жүзу	Плавать	Swim
Ұшу	Летать	Fly
Жер бауырлау	Ползать	Crawl
Секіру секендеу, шапқылау	Прыгать, скакать	Jump, hop

Отыру	Сидеть	Sit
Тұру	Стоять	Stand
Жүгіру	Бежать	Run
Жату	Лежать	Lie
Аулау	Охотиться	Hunt
Кудалау	Преследовать	Pursue
Тығылу	Прятаться	Hide
Қашу	Убегать	Run away
Жеу	Есть	Eat
Ішу	Пить	Drink
Шайнау	Жевать	Chew
Жұту	Глотать	Swallow
Кеміру	Грызть	Gnaw
Шоқу	Клевать	Peck
Жалап ішу	Лакать	Lap
Жалау	Лизать	Lick
Тамақтандыру	Кормить	Feed
Ішкізу	Поить	water
Қамкорлық жасау	Заботиться	Take care
Күту	Беречь	Save
	Скакать	

«Жабайы құстар» лексикалық материал

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Тотықұс	Попугай	Parrot
Пингвин	Пингвин	Penguin
Көгершін	Голубь	Pigeon
Аққу	Лебедь	Swan
Ләйлек	Аист	Stork
Жапалақ	Сова	Owl
Құзғын	Ворон	Raven
Қара қарға	Ворона	Crow
Қарлығаш	Ласточка	Swallow
Түйеқұс	Страус	Ostrich
Торғай	Воробей	Sparrow
Сауысқан	Сорока	Magpie
Бұлбұл	Соловей	Nightingale
Тоқылдақ	Дятел	Woodpecker
Шағала	Чайка	Sea gull
Құтан	Цапля	Heron
Ұзақ	Галка	Jackdaw
Қаратоғай	Скворец	Starling
Сұр қараторғай	Стриж	Swift
Бозторғай	Жаворонок	Skylark
Шымшық	Чиж	Siskin
Тырна	Журавль	Crane

Қырғауыл	Фазан	Pheasant
Қоқиқаз	Фламинго	Flamingo
Көкек	Кукушка	Cuckoo
Таған	Грач	Rook
Сарышымшық	Синица	Tomtit
Бірқазан	Пеликан	Pelican
Құр	Тетерев	Blackcock
Барылдақ торғай	Дрозд	Thrush
Құр	Куропатка	Partridge
Альбатрос	Альбатрос	Albatross
Қырғи	Ястреб	Hawk
Бүркіт	Орел	Eagle
Лашын	Коршун	Kite
Қыран	Сокол	Falcon
Әнші қус	Певчая птица	Song bird
Жыртқыш	Хищная птица	Bird of prey
Жыл құсы	Перелетная птица	Migratory bird
Қаратамақ	Трясоузка	Wagtail
Түбіт	Пух	Down
Кауырсын	Перо	Feather
Тұмсық	Клюв	Bill, neb
Қанат	Крыло	Wing
Ұшу	Летать	Fly
Ұшып кету	Улетать	Fly away
Арқылы асып ұшу	Перелетать через	Fly over
Ұшып өту	перелетать	Flit
Пыр етіп қшу	Порхать	Flitter
Шоқып жеу	Клевать	Peck

Әрекетті білдіруге арналған лексикалық материалдар (етістіктер)

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Жүзу	Плывать	Swim
Ұшу	Летать	Fly
Шапқылау	Скакать	Hop
Жүгіру	Бегать	Run

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Тыңда да есінде сақта	Послушай и запомни	Listen and memorize
Сөйлесейік	Поговорим	Shall we talk
Кел ойнайық	Давай поиграем	Let's play
Балақайлар	Детки	Babies
Мен ..көріп тұрмын	Я вижу...	I can see a ...
Мен ... суретін саламын	Я могу нарисовать	I can draw a ...
Қара да айт, бұл не	Посмотри и скажи, кто это?	Look and say: what it is
Мынау	Это	This is a

Түсі қандай	Какого цвета	What color is it
Үлкен бе немесе кішкентай ма	Большой или маленький	Is it big or small
Иә... жоқ...	Да.... нет...	Yes, it isno, it is not ...
Менде ... бар	У меня есть	I ha ve got
Мен ашпын	Я голоден	I'm hungry
Сенде қанша ... бар	Сколько у тебя ...?	How many ...ha ve you got?...
Қара да үй құстарын ата	Посмотри и назови домашних животных	Look and name the fowls
кімдікі	чей	Whose
Бұл жабайы орман жануарлары	Это дикие лесные животные	These are wild forest animals
Бұл ыстық елдердің жабайы жануарлары	Это дикие животные жарких стран	These animals live in hot countries
Бұл солтүстіктің жабайы жануарлары	Это дикие животные жарких стран	These are the wild animals of the north
Қара да жабайы жануарларды ата	Посмотри и назови диких животных	Look and name the wild animals
Не көріп тұрсың	Кого ты видишь	What can you see
Мен ... көріп тұрмын	Я вижу	I can see
Оның түсі қандай	Какого он (а) цвета	What color is it
Ол	Он (а) ...	It is ...
Ол үлкен бе, кішкентай ма	Большая она или маленькая	Is it big or small
Ол	Он (а)	It is ...
Менде ...бар менің ...бар	У меня есть (я имею)	I ha ve got a...
... қайда	Где	Where is the
Қара да жабайы құстарды ата	Посмотри и назови диких птиц	Look and name the wild birds
Мынау не	Что это	What is this
Бұл ненің үйшігі	Чей это домик	Whose house is it

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҮЙРЕНЕТІН ТІЛДЕРІ БОЙЫНША БЕЛСЕНДІ ЖӘНЕ ПАССИВ СӨЗДІК ҚОРЛАРЫН ДАМУ ШАРТТАРЫ

Бағдарламаны іске асыруда қолданылатын тәсілдер балалармен ұйымдасқан оқу әрекеттерінде мынадай негіздерде жүргізіледі:

- теориялық материалды практикалық іс-әрекетке сәйкестендіруге мүмкіндік беретін тұлғалық-әрекеттік тәсілі;
- шоғырландыру ұстанымы, яғни, өткен материалды бекітіп, жаңаны қалыптастыру мақсатында алдында өткен материалға қайта оралу;
- ойындар, мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекетінің түрі;

- балалардың әрекетінде, күнделікті өмірінде, күн тәртібінің барлық кезеңдерін өткізу уақыты негізінде жүргізіледі.

Бағдарлама ұлтаралық қарым-қатынас тілдерін меңгеруге қойылатын заман талабына сай талаптар мен шетел тілдерін үйретудің заманауи әдістемелері негізінде құрылған:

- коммуникативті бағыттылық;
- қарым-қатынас құралы ретінде тілді меңгеру үдерісіндегі балалардың сөздерді түсіну іс-әрекеттерін белсендіру;
- үйрету салдарын арттыру;
- балалармен дербес тіл табысу;
- оқыту үдерісін техникалық жабдықтау.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің топтық түрі төмендегідей құрылады.

I. Кіріспе бөлім:

- амандасу, ұйымдастыру кезеңі;
- фонетикалық сергіту.

II. Негізгі бөлім:

- сабақтың тақырыбы бойынша лексикалық материал;
- тақырып бойынша тілдік материал;
- грамматикалық материал;
- өлеңдер мен ұйқастырмаларды оқу, әндер айту;
- тақырыпты бекітуге арналған материалдар;
- сергіту кезеңдері.

III. Қорытынды бөлім:

- өткен материалды ойындар, диалогтар мен сөйлеу жағдайлары арқылы бекіту;
- әріпті жаздыру;
- келесі тақырыптың мазмұнына бағдар.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында тілдің үштұғырлығы бойынша білім беру бағдарламаларын әдістемелік қамтамасыз ету мақсатында бөлме:

- жеке кабинетпен;
- 10-12 орындық мектеп жасына дейінгі балаларға арналған үстелдер мен орындықтар топтамасы;
- тақта, интерактивті немесе флипчарт болғаны дұрыс;
- педагогке арналған үстел;
- үлестірмелік материал (санау материалдары, түсті қарындаштар; дидактикалық ойындар мен құралдар);
- үш тілде аудиожазбасы топтамасы бар аудиожүйе;
- ойыншықтар мен қуыршақ театрына арналған топтамасымен (жұмсақ, тақырыптық, қолғаптық, саусақтық) жабдықталуы тиіс.

Қазақ тілі	Ағылшын тілі	Орыс тілі
------------	--------------	-----------

Сенің атың кім?	What is your name?	Как тебя зовут?
Жасың нешеде?	How old are you?	Сколько тебе лет?
Мынау не?	What is it?	Что это?
Мынау кімнің ойыншығы?	Whose toy is it?	Чья эта игрушка?
Бұл қандай түс?	What color is it?	Какого это цвета?
Қазір жылдың қай мезгілі?	What season it is now?	Какое сейчас время года?
Мынау кімнің ойыншығы?	Whose is this toy? –	Чья это игрушка?
Сенің әпкең бар ма?	Do you have a sister?	У тебя есть сестра?
Сен әкеңді жақсы көресің бе?	Do you like you father?	Ты любишь своего папу?
Сен жатын бөлмеде не көре аласың?	What can you see in the bedroom?	Что ты можешь увидеть в спальне?
Сенің сүйікті жемісің қандай?	What is your favorite fruit?	Какой твой любимый фрукт?

Ағылшын тілінің ағымдарын жалпы негіздерін білу

Ағылшын, орыс, қазақ және өзге тілдердегі психологиялық кедергіні жеңе білу;

Үш тілде сәлемдесу, қоштасу;

Сұрақтарға жауап беру;

Табиғат құбылыстарын атай білу;

Ағылшын тілінің спецификалық кейбір дыбыстарын атау.

Болу керек:

- оқытылып жатқан тілдегі мемлекеттердің салтын, дәстүрін, мәдениетін ұғыну;

- белгілі шығармашылық іс-әрекеттегі тәжірибе;

- белгілі лексикалық қорды молайту;

- өзге тілдерді тыңдау шеберлігі;

- тыңдау (аудирования).

Білу керек:

- дыбыстар қалай дыбысталады?

- ағылшын тілін ести білу.

Болу керек:

- дыбыстарды тыңдау және дұрыс айта білу;

- вербальды ілтипат білдіру, дыбыстарды тыңдауда (шапалақтау, қол көтеру, сурет, зат т.б.) сезіне әрекет ете білу;

- тыңдау және қайталау;

- жалпы сұрақтарға жауап беру;

- тыңдау және фразаны аяқтау;

- педагог сөзін түсіну.

Білу керек:

- қазақ және ағылшын тілдеріндегі дыбыстар туралы ұғымды қалыптастыру;

- мектеп жасына дейінгі үш тілдік оқытудағы белсенді және пассивті міндетті дамытудағы мүмкіндіктерге жағдай жасау;

- мемлекеттік тілді оқытуда, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде күнделікті оқыту әдіс - тәсілін қалыптастыру;

- ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің «Таным» саласында үнемі ойындарды қолдану;

- үш тілдегі (жұмбақ, сергіту, үш тілді рифмаларды халық ауыз әдебиет шығармаларын пайдалану) балалармен қарым – қатынас немесе тілдесу;

- күн тәртібі барысында (жуыну, тамақтану, ұйқыға дайындау, серуендеу, таңертеңгілік қабылдау және т.б.) балалармен тілдесу және қарым-қатынас жасай білу;

- күннің II жартысында үйірме, студияда, факультативтік оқу іс-әрекетін ұйымдастыру арқылы балаларға шет тілін күнделікті оқыту;

- пәндік-дамытушылық ортасында заттық объектілермен өзара іс-әрекетпен, өзара байланыспен тәжірибесін үлгілеу;

- үн таспа визуальдық материал, аудио және бейне, таспа жазба материалдары, диск және түрлі тасымалдаулар;

- лингвистикалық мазмұны бар жағдаяттық, рөлдік, театрлық ойындар;

- сурет салу, құрастыру, жапсыру;

- балалар өзінің жетістіктерін көрсете алатын – ертегілерді сахналау, өлеңдер айту, мерекелер және ертеңгіліктер, ойын-сауықтар ұйымдастыру.

Бағдарлама бойынша білімнің мазмұны арнайы шеберлік деңгейде: бір тақырыпты қайталау және игеруді ұсынады. Диалогты, монологты арнайы шеберлік деңгейінде бір тақырыпты үш тілде оқытуды және фонетикалық, лексикалық және грамматикалық арнайы дағдыларды бірте-бірте күрделі түрде игеру.

Бағдарламаның мазмұны әрбір жас деңгейіне қарай материалдың біртіндеп күрделенуімен құрылады. Күрделену келесі кезеңдерде сабақтан сабаққа күрделенуі сияқты, оқу жылы сайын күрделене өтуі тиіс. Оқытудың әр жылы лексикалық материал қосылады, жана грамматикалық формалар енгізіледі, диалогтік қарым-қатынастың құрамды бөлігі ретінде дамыған монологтік сөйлеуді оқыту жүргізіледі.

Басты назар фонетикалық минимумның кеңеюіне - дыбыс жазу дағдыларына, әр түрлі жанрлар және сөйлеу стилін ұсынатын аудиомәтінді түсінуге аударылады.

Оқытудың мазмұнына сөйлеуде шынайы және ойын қарым-қатынастарын бейнелейтін базалық сөйлеу үлгілері енгізіледі; ал бұл үлгілерді модельдеудің құралы атап айтқанда, заттардың негізгі әрекетін бейнелейтін зат есімдерді, негізгі әрекеттерді білдіретін етістіктерді, заттың сапасын және құбылысын білдіретін сан есімдер мен үстеулер. Оқытудың мазмұнына өлеңдер, әндер, санамақтар енгізіледі.

«Қатынас» білім беру саласы бойынша білім мазмұнын жинақтау талаптары ұстанымы бойынша тілдің үштұғырлығы бойынша оқу әрекетін ұйымдастырудың тақырыптық мазмұны жасалады.

Мектеп жасына дейінгі балалар мынадай тақырыптардың лексикалық мазмұнын білуі керек: «Таныстыру», «Сыпайылық ережесі», «Мен және менің отбасым», «Менің ойыншықтарым», «Жануарлар», «Тамақ», «Мамандықтар», «Есеп», «Апта күндері», «Гүлдер», «Жыл мезгілдері», «Ауа райы және киім», «Хобби», «Пәтер», «Менің үйім», «Жиһаз», «Тұрмыстық заттар», «Мерекелер».

Бағдарлама туған тілдің бірлігіне, екінші (орыс тілін немесе қазақ тілін) және ағылшын тілін игеруге бағытталған. Мемлекеттік туған тілге оқыту мектепке дейінгі ұйымдардың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларының талаптарына сәйкес әр жас кезеңдік топтар бойынша өткізілу керек. Ағылшын тілін игеру «тілдің үштұғырлығын дамыту» бағдарламасының тұтастай мазмұны талаптары бойынша қарастырылады. 2-жылдың ішінде оқытудың бірінші 36 сағатын (4-5 жастағы балаларға) және оқытудың екінші жылы 72 сағатын (5-6 жастағы балаларға) құрайды.

Бағдарлама мектепке дейінгі ұйымдарда қазақ тілінде оқытылатын топтардағы балаларға ана тілін, орыс және ағылшын тілін игеруге арналған, орыс тілінде оқытылатын балаларға ана тілін, қазақ тілін мемлекеттік және ағылшын тілі ретінде меңгеруге арналған.

Қазақ және орыс тілдері бойынша оқу әрекетін ұйымдастыру мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу мен оқыту бағдарламасы бойынша типтік оқу жоспары кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Қазақ тілінде оқытылатын топтарда орыс тілінің оқытылуы қатар жүргізіледі, ал орыс тілінде оқытылатын топтарда қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде тәрбиелеу және оқыту мазмұнында оқытылады,

Бағдарламаны еңгізу қортындысында келесіндей нәтижелер алынады:

- мектеп жасына дейінгі балалармен, оларға қарап есту арқылы сөйлеуді жеткілікті түсіну;

- үш тілде қарапайым диалогқа, қабілетін дамыту;

- басқа мәдениетті түсініп, құрметтеу;

- көркем әдебиет, поэзия, фольклор, әуен, арқылы қазақ, орыс және ағылшын тілдерін оқыту;

- оқытылып жатқан тілдер елдерінің әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне мерекелеріне танымдық қызығушылықты дамыту.

КӨПТІЛДІ ОҚЫТУДА БАЛАЛАРДЫҢ АЛҒАН БІЛІМДЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

«Тілдердің үштұғырлығын дамыту» бағдарламасы бойынша жоспарланған жұмыс нәтижесі балалардың тілдік қатынасындағы дағдысын болжаудың тілдік даму индикаторлар талаптары бойынша жасалды:

Ұғыну: Мен туралы, менің отбасым және жақын қоршаған орта туралы күнделікті қатынасу жағдайда, мен таныс жеке сөздерді және сөйлемдерді түсінемін.

Дыбыс жазу: Хабарландыру, плакаттағы, немесе каталогтардағы таныс сөздерді, есімдерді, сонымен қатар жай сөйлемдерді түсінемін.

Айту: Мені қызықтыратын немесе танитын тақырыптар бойынша, жәй сұрақ беріп оған жауапты да бере аламын.

Диалог – Әңгімелесушім, менің сұрауым бойынша жәй ырғақпен өзінің пікірін айтса, сонымен қатар мен айтатын нәрсені тұжырымдап берсе, мен диалогқа қатыса аламын.

Монолог – Мен жай сөйлемдерді және фразаларды қолдана отырып өзімнің тұрған жерім және таныс адамдар туралы сипаттай аламын.

Мектепке дейінгі балалардың жазу және оқуды игеруінің деңгейі көрсетілмейді.

Орта топтағы бағдарламаны меңгеру кезеңдері

Аталған бағдарламаны іске асыру нәтижесінің тәсілі жылына екі рет өткізілетін, аралық (желтоқсан) және қортынды (мамыр), ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін ашық өткізу барысындағы анықтау-сараптау бағасымен және мектепке дейінгі мекемелердегі балалардың мерекелерге қатысуымен анықталады.

Аталған іс-шараларда балалардың білімін келесі критерийлер бойынша бағаланады:

- жаттанды лексиканы меңгеру және түсіну;
- жатталған тапқтар, өлеңдер және т.б. өзіндік орындау;
- ойындарда белсенді қатысу және тапсырманы түсіну;
- серіктестің сұрақтарын түсіну және оларға жауап бере алу.

Күтілетін нәтижелер (4-5 жас жастағы балалар үшін):

4-5 жастағы мектеп жасына дейінгі баланың сөйлеу икемділігіне сипаттама

- арнайы икемділігі;
- пассивті сөздік қор;

Балалар педагогтың айтылған сөзін амандасу уақытында жақсы түсінуі, ана тіліндегі және өзге тілдегі айтылған кейбір тапсырмаларға жауап бере білуі керек.

Диалогтік сөйлеу – қарым-қатынас кезінде серіктестің сұрақтарына жауап беру, сонымен қатар көргені және естігенінің мазмұнын этикеттік сипаттағы стандарттық көріністе қолдану.

Монологтік сөйлеу – оқытудың белгіленген кезеңіне арналып қарастырылған тілдік материалы аймағында және тақырыбында меңгерілген тілдің мөлшерін өз пікірін дұрыс әзірлеп ұсынылған тақырып бойынша байланыс хабар жасау.

Тыңдау – ұйымдастырылған оқу әрекетін жүргізу бойынша педагогтың сөйлеуін түсіну, оның пікіріне және өтінішіне адекватты көңіл аударып (вербалды немесе вербалды емес), педагогтың бірінші ұсынылған немесе ауызша сөйлеудегі және тақырыптық материалды игеруге құрылған монологтік сипаттағы хабарды түсіну.

Арнайы дағдылар.

Фонетикалық – өзге тілдегі дыбыстарды саралау, сөзге екпінді дұрыс қою, тілдің үштұғырлығы бағдарламасы аясында өзге тілдегі сөздерді айту.

Лексикалық – тақырыптар бойынша ұсынылған лексикалық минимумды игеру. Бұдан басқа, балалар жеке өлеңдер, ұйқастырмалар, санамақтар, әзіл өлеңдер, әндердің мәтінін білуі керек.

5-6 жастағы балалардан күтілетін нәтижелер:

5-6 жастағы мектеп жасына дейінгі баланың сөйлеу ептілігіне сипаттама

Арнайы ептілік

Диалогтік сөйлеу - қарым-қатынас кезінде серіктестің сұрақтарына жауап беру, сонымен қатар этикеттік сипаттамадағы стандарттық көріністі қолдана отырып, көрген және естігеннің мазмұнымен байланысты қолдану.

Оқытылған тілдегі өз сөздік әрекетін дұрыс рәсімдеу.

Монологтік сөйлеу

4-5 жастағы балалардың бағдарламаны меңгеру деңгейі

Төмен. Сөздік қорының төмендігі. Баланың қарым-қатынаста белсенділігі төмен, түсіндірмеден қашқақтайды, түсіндірме сөздігін игермеген. Жайылма сөйлемдерді құруда қиналады. Оның сөйлеу тілінде грамматикалық қателер болады, мінгірлеп сөйлейді. Мазмұндауда қиындықтар туындайды, ересектің көмегін қажет етеді, оқиганың жүйелілігін бұзады.

Сипаттаманың баяндау мазмұны бойынша заттың ерекшеліктерін көріністі беріледі. Кейбір айтылуы қиын дыбыстар айтылуында бұрмалаудың болуы.

Орта. Айтарлықтай үлкен сөздік қорының иемденген орнын ауыстыру, бірақ кейде заттардың атын «Мынау», «Мына зат» сөздерімен ауыстыру. Бала ауызша қарым-қатынаста белсенді, сұрақтарға жауап береді. Түсіндірме сөйлеуде көмек қажет етеді. Тілде грамматикалық қателер жиі қолданылмайды: дыбыстық жағынан сөйлеуі түсінікті, айтарлықтай қатты,

эмоционалды. Әңгімелерді мазмұндауда және сипаттама құрастыруда көмекті қажет етеді. дыбыстарда қателер жібереді.

Жоғары. Жоғары белсенді сөздік, сөйлеуде заттардың нақты атауын қолданады. Бала сөйлеуде ынталы, барлық сұрақтарға жауап береді, үстеме сұрақтар қояды. Түсіндірмелі сөйлеудің түсіндіру түрін қолдануда дербестік және қызығушылық танытады. Барлық дыбыстарды таза айтады, эмоционалды және сөйлеу мәнері әдістерін қолданады. Әңгімелер мен ертегілерді өзіндік мазмұндайды, ересектердің азғантай көмегімен сипаттау және сюжеттік әңгімелер құрастырады, жұмбақтар жазады.

5-6 жастағы балалар бағдарламаларды меңгеру деңгейлері

Төмен. Бала белгіленген байланысты орнатуда қиналады, сондықтан мазмұндауда, өзіндік әңгімелеуде мазмұнды және мағыналы қателер жібереді. Әңгіме айту барысында ересектің көмегін қажет етеді. Хабарлы әңгіменің құрылымдық компоненттерін тастап кетеді. Шығармашылық әңгімелеуде дербестік танытпайды (қатарластарының әңгімелерін қайталайды). Сөздік қоры аз.

Орта. Сөйлеу кезінде бала логикалық қателіктерге жол береді, бірақ оны үлкендердің және құрдастарының көмегімен түзейді. Жеткілікті деңгейде белсенді болмаса да сөйлеп араласуға қызығушылығын білдіреді. Сөйлем құрастыруда қиналмайды грамматикалық қателіктерді аз жебереді. Пікірлерді дәлелдейді және үлкеннің көмегімен сөйлеу-дәлелдеу түрін пайдаланады. Сөйлегені таза дурыс бала жеке дыбыстарды айтқан кезде қиындықтарды сезінуі мүмкін. Дауыс мықтылығын қадалағанымен сөз мәнерлілігі жеткіліксіз.

Жоғары. Балаға сөйлеу шеберлігі таныс. Өздігінен ертегі, әңгімелер құрастыруда жігерлілік білдіреді, өзгелердің әңгімелерін қайталамайды, әр түрлі мәнерлілік тәсілдерін пайдаланады. Дәлелдемелерге қызығушылықпен қарап, оларды пайдаланады. Қарым-қатынаста жігерлілік танытып алған әсерлерімен өз құрбыларымен бөліседі, сұрақтар қоя отырып балаларды қарым-қатынасқа тартады. Өз құрбыларының сөйлеу барысындағы қателіктерін байқап, оларды жөндейді. Бай сөздік қорға ие. Жалпылама сөздермен және түсініктемелермен ешбір қателіксіз пайдаланады. Сөзі таза, грамматикалық тұрғыдан дурыс, мәнерлі.

Ересектер тобына арналған ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім беру саласы: «Қарым-қатынас»

Бөлім: «Тіл дамыту», «Тілдің үштұғырлығын дамыту»

Тақырыбы: «Тілдің үштұғырлығын қолданатын елдермен танысу».

Қазақстан туралы, ондағы тұратын адамдар туралы, мемлекеттік рәміздер туралы әңгімелесу. Ресей туралы, оның мемлекет ретінде туы, ән-ұраны мен адамдары және оның іс-әрекеттері жайлы әңгімелесу. Ұлыбританиямен, оның ата-бабалық салт-дәстүрлерімен танысу. Балаларды мемлекеттермен және оның картадағы орналасқан жерімен және сыртқы пішінімен таныстыру.

Мақсаты: үштілдікке кірген тілдерде сөйлейтін адамдар тұратын мемлекеттер туралы балаларда түсініктерді қалыптастыру.

Білім берушілік міндеті: тілдің үштұғырлығына кірген мемлекеттердің сыртқы түрі бойынша мемлекеттік рәміздерін ажырата білуге, ол мемлекеттегі сөйлеу тілдерін атауға; түстері мен жер аумағы бойынша картадан тауып алуға үйрету.

Дамытушылық міндеті: мемлекеттер атауын сыртқы түрі бойынша көру арқылы, сөйлеу тілдерін есту арқылы ажырата білу іскерлігін дамыту, басқа мемлекеттің сөйлеу тілін қайталап, сол елдің белгілерін білдіретін сөздерді атау арқылы балалардың сөздік қорын байыту.

Тәрбиелік міндеті: тілдің үштұғырлығына кірген тілдерді үйренуге деген қызығушылықты тәрбиелеу.

Алдын ала жұмыс: мемлекеттер бойынша материалдарды әзірлеу, мемлекеттің картасын безендіру, мемлекеттік рәміздер үлгілері, тілдің үштұғырлығын қабылдаған мемлекеттер бейнеленген суреттер, көрсетілімдер.

Сөздік жұмыс: Қазақстан, Ресей, Ұлыбритания (Англия), қазақ, орыс, ағылшын тілдері. Мемлекет, ту, ән-ұран, мемлекет рәміздері.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиеші іс-әрекеті	Балалар іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Тілдің үштұғырлығына кірген тілдерді меңгеру үшін ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне балалар шақырылады. Ортаға өзі барып келген мемлекеттің адамдарымен, олардың сөйлейтін тілдерімен таныстыру үшін саяхатшы кейіпкер - Білгішсымақ келеді.	Тілдерді меңгеру бойынша сабаққа қызығушылық танытады, олар үшін бұрын таныс емес мазмұнды карталар мен суреттерді қарастырады.

Ұйымдастыру-шылық-ізденістік	Мемлекеттің өзіне тән ерекшелігі бойынша әр елде әр түрлі тілде сөйлейтіндері жайлы, мемлекеттер мен тілдер туралы түсініктер беріледі. Оларды атап, картада көрсетеді, әр мемлекетке тән сөйлеу тілінің айтылу ерекшеліктерімен таныстырады. Әрбір мемлекеттің астансымен таныстырып, ондағы танымал құрылыстар мен ғимараттарды көрсетеді - «Бәйтерек», «Кремль», «Биг Бэн». Тәрбиеші балалардан бұрын оларға таныс болмаған сөздерді атауларын сұрап, басқа мемлекеттер жүйесінде олардың орналасқан орнын картадан тауып көрсетуді ұсынады. Саяхатшы Білгішсымаққа жаңа мемлекеттер туралы, олардың танымал жерлері туралы танымдық әңгімесі үшін рахмет айтады.	Тәрбиешіні тыңдап, сұрақтарына жауап береді. Мемлекет белгілерін атайды. Үстел қасына тұрып мемлекеттердің ең белгілі деген белгілері бейнеленген суреттерді қарастырады. Тәрбиеші соңынан оларды қайталайды. Суреттер бойынша мемлекеттер туралы суреттеуші әңгімелер құрастырады.
Рефлексивті-түзетушілік	Саяхатшы-Білгішсымақ өзінің суреттерін жинап, балалармен қоштасады.	Саяхатшы-Білгішсымақтың мазмұнды әңгімесі үшін алғыстарын айтады.

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек:

- әлемде көптеген мемлекеттер бар екенін, ондағы адамдардың ана тілдерінде сөйлесетін;
- бұрын оларға таныс болмаған сөздерді және тілдерді (ағылшын) үйрену керектігін;
- жаңа атаулар мәнін.

Нені игереді:

- жаңа мемлекеттер мен тілдер жайындағы түсініктерді.

Нені біледі:

- сөйлеу тілінде мемлекеттердің, тілдердің атауларын қолданады, есту арқылы біледі;
- омеңгерілген мазмұн бойынша педагогтың сұрақтарына жауап береді.

Ересектер тобына арналған ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім беру саласы: «Қарым-қатынас»

Бөлімі: «Тіл дамыту», «Тілдің үштұғырлығын дамыту»

Тақырыбы: «Сәлемдесу»

Мақсаты: жаңа меңгерілген тілдерде сөздердің ерекшеліктерімен таныстыруды жалғастыру.

Білім берушілік міндеті: балаларды тәуліктің әр бөлігінде адамдармен қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қалай сәлемдесу керек екенін үйрету.

Дамытушылық міндеті: меңгерілген тілдерде сәлемдесуді есту арқылы ажырату, тәуліктің әр бөлігінде (таңертең, күндіз, кешке) сәлемдесудің және мектепке дейінгі ұйымнан үйге қайтарда немесе үйден шығарда қоштасудың айырмашылығын түсіну икемділіктерін дамыту.

Тәрбиелік міндеті: әр түрлі тілдерде (қазақ, орыс және ағылшын тілі) сәлемдесу және қоштасу формаларына деген қызығушылыққа тәрбиелейді.

Сөздік жұмыс: Сәлеметсіз бе, сәлем, қайырлы таң, қайырлы күн, қайырлы кеш, здравствуйте, привет, доброе утро, добрый день, добрый вечер, hello, hi, good morning, good evening, good afternoon.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиеші іс-әрекеті	Балалар іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Сөйлеу тілінде олардың сәлемдесудің жаңа формаларын қолданып және сәлемдесуді қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде ажырата алуға үйренетіндерін хабарлайды. Адамдар бір-бірімен жолыққан кезде сөйлеу тілінде міндетті түрде сәлемдесу сөздерін қолдану керектігін балаларға көрсету үшін жұмыста қазақ, орыс және ағылшын ертегілерінің кейіпкерлері қолданылады. Әр тілде сәлемдесу әр түрліше естіледі. Амандасуда олар бір-біріне барынша жақсы тілектерді қолданады.	Педагог пен қуыршақ қонақтардың артынан әр түрлі тілде сәлемдесуді қайталайды, оларды айтылу формасы бойынша ажыратады.

Ұйымдастыру-шылық-ізденістік	Қонақтардың соңынан сөздерді қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қайталайды. Ағылшын тіліндегі «Good morning» тақпағы мен осы тақпақтың әнін тыңдауды ұсынады. Қонақтардың өз ана тілдерінде ән айтатындықтарын хабарлайды. 1. <i>Балаларға тапсырма: таңертең, күндіз, кешке</i> «Дұрыс амандас». 2. <i>Балаларға тапсырма:</i> Попрошайся правильно на казахском, русском и английском языке. 3. <i>Тапсырма</i> «Good morning» тақпағын жатта. 4. <i>Тапсырма</i> «Қонақтарға сәлемдесуді таңда». Балалармен бірге қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде сәлемдесу формаларын таңдайды. 5. <i>Тапсырма.</i> Қонақтармен қоштасайық.	Жаңа сөздерге қызығушылық танытады, өлеңдер тыңдайды, жаңа сөздердің айтылуына еліктейді. Сұрақтарға жауап береді. Тақпақтарды тыңдайды. Жаңа сөздерді айтады. Хормен «Good morning» тақпағын айтады.
Рефлексивті-түзетушілік	Қонақтар (куыршақ) атынан тапсырманың жақсы орындалғаны үшін балаларға рахмет айтады. Қонақтар балаларға тосын сый — тәттілерге толған қобдишаны береді.	Қонақтарға алғыстарын айтады.

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек:

- сәлемдесу формасы
- сәлемдесудегі «таңертең, күндіз, кеш» сөздерінің мәні

Нені игереді:

- сәлемдесу формалары туралы түсінікті.

Нені біледі:

- қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі сәлемдесу формаларын есту арқылы ажыратып, түсінуді және қажет тілде айтуды;
- сәлемдесудің қажет формасын таңдауды;
- сәлемдесу формаларына уақыт бөліктерін сәйкестендіруді.

Ересектер тобына арналған ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім беру саласы: «Қарым-қатынас»

Тақырыбы: «Менің ойыншықтарым»

Мақсаты: қазақ орыс, ағылшын тілдерінде ойыншықтарды атау және білу іскерліктерін қалыптастыру.

Білім берушілік міндеті: меңгеріліп отырған тілдерде ойыншықтар аттарымен балаларды таныстыру, ойыншықтармен әрекет.

Дамытушылық міндеті: қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде ойыншықтар атауын қоса отырып, пассивті және белсенді сөздік қорларды жинақтау, оларды сөйлеу тілінде қолдана білу.

Тәрбиелік міндеті: дұрыс сөйлеу тілегін тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: ойыншық, қуыршақ, доп, бір дөңгелекті велосипед, игрушки, кукла, мяч, велосипед, toy, doll, ball, bicycle.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиеші іс-әрекеті	Балалар іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Артикуляцилық жаттығу, бұрын оқыған сөздерді қайталау, балаларды жаңа мазмұнды меңгеруге икемдеу. Алдыңғы сабақта қандай сөздермен танысқандарын естеріне түсіріп және оларды қайтадан айтуларын сұрайды. Балаларға қонаққа Әлия, Таня және Мэри атты үш құрбының келгендері жайлы хабарлайды. Қонақтар балаларды өздерінің ойыншықтарымен таныстырғалары келетіндерін айтады.	Сабаққа, жаңа білім мазмұнына қызығушылық танытады, жаттығуды орындайды. Балалар қонақтардың соңынан ойыншықтардың атын қайталайды, іс-әрекеттерін көрсете отырып, үстел-үстіне жайғастырады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Қонаққа Әлия, Таня және Мэридің келгенін және олар өздерінің сүйікті ойыншықтарын көрсеткісі келетіндері жайлы хабарлайды. Әрбір тілде барлық ойыншықтардың өзіндік ерекшелігіне қарай атаулары бар екендігі түсіндіріледі. Балалар кейін қуыршақтан өздері қалаған ойыншықты сұрап алу үшін, оларды атап үйренулері тиіс. Әлия, Таня және Мэри өздерімен бірге балаларға арнап тапсырмалар әкелгенін айтады: 1. «Шешуін тап және көрсет» ойыны (ойыншық туралы жұмбақты шешеді, сөздегі бірінші дыбысты атап және оны айтуға тырысады).	Жұмбақтарды шешеді, жұмбақта айтылған заттарды атайды, ойыншықпен қандай әрекет жасауға болатындығын түсіндіреді. Меңгеріліп отырған материал бойынша тыңдап, сұрақтарға жауап береді. Тыңдап, сөздерді естеріне сақтайды. 3-4 бала ойыншықтарды атайды.

	2. «Тыңда, есіңе сақта, ата» ойыны. Ойыншықтарды атап және оларды балалардың қайталауын сұрайды. Ойыншықтардың атауларын бекіту үшін жұмыстар жүргізіледі, олармен әрекеттер жасайды. Оқыту үрдісінде қолданылған сөздердің мәнін түсіндіреді, ойыншықтар мен заттарға ұқыпты қарым-қатынасты қалыптастырады. Қайталап оқиды. Әңгімелеп беруді сұрайды. 3. «Бұл ойыншық қандай?» ойыны (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде ойыншықтарды атауға және қимыл-әрекетті анықтауға).	Заттардың атауын білдіретін сөздердің айтылу ерекшеліктерін анықтайды.
Рефлексивті-түзетушілік	Бүгінгі сабақта немен айналысқандарын, нені білгендері жайлы айтуларын сұрайды. Алия, Таня және Мэри балаларға жақсы жұмыстары үшін алғыс айтып оларға тосынсый жасайды (ойыншық толған сандық).	Қорытынды шығарады. Оларға алғыстарын айтады.

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек:

- әрекет үрдісінде қолданылған ойыншықтар атауларын;
- меңгеріп жатқан тілдегі ойыншықтар атауын білдіретін сөздерді.

Нені игереді:

- әрбір меңгеріліп отырған тілде бір ғана ойыншықтың бірнеше атауының бар екендігі жайлы түсінікті.

Нені біледі:

- меңгеріліп отырған материалдың мазмұны бойынша толық жауапты;
- ойнап отырған ойыншықтың дұрыс атауын;
- ана тілі емес басқа тілде сөзді айтудың ерекшеліктерін анықтауды.

Ересектер тобына арналған ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім беру саласы: «Қарым-қатынас»

Бөлімі: «Тіл дамыту», «Тілдің үштұғырлығын дамыту»

Тақырыбы: «Менің үйім. Тұрмыстық құралдар».

Мақсаты: өздері тұратын ғимараттың бөліктерін білдіретін сөздермен балаларды таныстыру, өзінің үйіндегі негізгі тұрмыс заттарын үш тілде атайды.

Білім берушілік міндеті: күнделікті сұраныстағы заттар мен олардың мекен-жайы атауларын балалардың сөздік қорында белсендіру.

Дамытушылық міндеті: сөйлеу тілінде тұрмыстық заттар атауы мен орналасқан мекен-жайдың атауын қолдана алу қабілеттерін дамыту.

Тәрбиелік міндеті: заттарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу, оларды таза ұстау ептілігі.

Сөздік жұмыс: үй, пәтер, жатын, мейманжай, ас үй, дом, квартира, спальня, готиная, кухня, house, room, bedroom, living room, kitchen.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиеші іс-әрекеті	Балалар әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Фонетикалық жаттығу. Көңілді тілге арналған жаттығу. Балаларға қонаққа қуыршақтар келеді, оларға балалар өз пәтерлерін және ондағы заттарды көрсетулері тиіс. Балалардан кім қайда тұратындығы сұралады. Балалардан келсі сұрақтарға жауап берулерін сұрайды: - адамдар мекен ететін орын қалай аталады? - үй пәтерден несімен ажыратылады? - әр түрлі қажеттіліктерге тағайындалған бөлмелер қалай аталады? (ұйықтайтын, тамақ пісіретін, демалып қонақтар қабылдайтын жер) Онда тұрған заттар қалай аталады?	Өздеріне таныс заттардың қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі атауларына қызығушылық танытады. Өздерінің үйлері мен пәтерлерінде бар заттарды атауға ұмтылады. Заттарды тағайындалуы бойынша ажырату.

Ұйымдастыру-шылық-ізденістік	Бүгінгі сабақта олар өздері тұрып жатқан ғимараттың атауы мен тұрмыстық қолданыстағы заттардың атауларын үйренетіндіктері жайлы хабарлайды. «Менің үйім» атты тақырыпта мазмұнды әңгіме құрастырады. Кіріспе әңгіме жүргізіледі: - Адамдар мекен ететін орын қалай аталады? - Үй пәтерден несімен ажыратылады? Үйдің әр түрлі түрлері жайлы әңгімелеудің жоспарын ұсынады. Бұл не? (үй) Қанша қабат?	Меңгерілген тілде жаңа заттарды атауға үйренеді; олардың атауын мұқият тыңдайды, педагогтың дұрыс айтуы бойынша қайтадан естілген сөздерді қайталайды; сұрақтарға жауап береді; жауаптарды жалпылайды.
Рефлексивті-түзетушілік	Қорытынды шығаруын сұрайды. Жақсы жұмыс үшін рахмет айтып, ерекше белсенді қатысқан балаларды атап өтеді.	Қорытынды шығарып, өзінің құрдастарының жұмыстарын талдайды.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек:

- адамдар тұратын ғимарат, үй тұрмысындағы сол немесе басқа заттарды білдіретін сөздерді сөздік қорында қолданады, үйдегі заттарды тазалықта ұстау қажеттігін.

Нені игереді:

- үй ғимаратына деген адамның қамқор және ұқыпты қарым-қатынасы туралы түсінікті.

Нені біледі:

- үйдегі барлық заттарды атайтын белсенді сөйлеу тілін қолдануды, оларды құрдастарымен және үлкендермен қарым-қатынаста қолдануды, «Менің үйім» атты тақырыпта әңгіме құрастыруды;

- сөйлеу тілінде заттардың қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі атауын қолдануды.

- жалпы белгілері бойынша заттарды білдіретін (жиһаз, ыдыс-аяқ, киім-кешек) сөздерді жалпылауды.

Ересектер тобына арналған ұйымдастырылған оқу іс-әрекетнің технологиялық картасы

Білім беру саласы: «Қарым-қатынас»

Бөлімі: «Тіл дамыту», «Тілдің үштұғырлығын дамыту»

Тақырыбы: «Көкөністер туралы әңгімелесу».

Мақсаты: көкөністердің қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі атауын білдіретін сөздерді белсенді сөздік қорда қолдану қабілетін балаларда дамыту.

Білім берушілік міндеті: «Көкөністер» атты тақырыпта балалардың сөздік қорын кеңейту және белсендіру, тақырып бойынша сөздерді дұрыс атау дағдыларына тәжірибелік ие болу.

Дамытушылық міндеті: танымдық және тілдік қабілеттер мен сөздерді қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде қолдана алу іскерліктерін дамыту.

Тәрбиелік міндеті: тілдерді меңгеруге деген қызығушылық пен жаңа сөздерді қолдануға деген ұмтылысты тәрбиелеу.

Алдын ала жұмыс: балалардың көкөністер туралы жинаған жұмбақтары, көкөністер туралы тақпақтарды айту, белгілі және кеңінен таратылған көкөністерге арналған суреттерді жинастыру.

Сөздік жұмыс: жемістер, помидор, сәбіз, пияз, картоп, овоци, помидоры, морковь, лук, картофель, vegetables, tomato, carrot, onion, potato.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиеші іс-әрекеті	Балалар әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалар ғажайып «Алтын күз» еліне шақырылады және келесі сұрақтарға жауап берулерін сұрайды: - Неліктен күзді алтын деп атаймыз? - Суретте не бейнеленгенін атаңдар? - Оларды бір сөзбен қалай атауға болады ? - Күз бен көкөністер қалай байланысты? - Көкөністер туралы қандай жұмбақтар білесіңдер? Көкөністердің барлығы күзде піседі, еңбеккерларды мол өнімімен қуантады және өз еңбегінің нәтижесін алтын бойынша бағалайды. Барлық көкөністер күз мезгілінде піседі және өнімімен еңбеккерлерді қуандыртады, олар өздерінің еңбектерін «алтынға» теністіріп бағалайды. Балалар үш тілде жауап қайтарады: қазақша, орысша, ағылшынша. Балаларды бұрын танымайтын аталымдарды, сөйлеу барысында қолдануды белсенді білім қабылдауға итермелейді, әр түрлі тілде оларды	Сабаққа қызығушылық танытады, сұрақтарға жауап береді, жұмбақтарды шешеді, жауаптарды көрнекіліктермен дұрыс сәйкестендіреді. Сұрақтарға жауап беріп, әрекетінде дұрыс жесттерді қолданады.

	ажыратуды және көрнекілік қолдана отырып жауабының дурыстығын дәлелдеп, сұраққа дурыс жауап беруі	
Ұйымдастыру-шылық-ізденістік	Бүгін біз көкөністерді үш тілде айтуды үйренеміз, олардың дыбыс шығару айырмашылықтарын жасап, әр тілде дурыс айтамыз. Зейін салып тыңдасандар, онда сұраққа жауап беріп, жұмбақ шеше аласындар. Мен жасылмын, кіртілдекпын және тұздымын, Дәмдімін және өндемегенмін. Мен кіммін? (қияр) Біздің жүйекте үлкен да шырынды, мыныдай домалақ , жазда көгеретін, күзде қызаратын жұмбақтар қайдан пайда болады? (қызанақ). Ал енді қандай көкөністерді біз салыстырамыз? Оны шешу үшін бізге, біздің бейне суреттері көмектеседі. - Мынау не? (қызанақ) - А мынау? (қияр) Бір сөйлеммен айтындар: - Мынау қызанақ, ал мынау қияр.	Тәрбиешіні тындап, жұмбақтарды шешеді және сұраққа жауап береді. Сөздер мен сөйлемдерді қосылып қайталайды, сураққа жауап береді Өздігінен жаңа сөздерді айтуға әрекет жасайды Көкөніс туралы тақпақтарда жаттайды
Рефлексивті-түзетушілік	Қызанақ пен қиярдың түстерін салыстыру: Қызанақ қызыл, ал қияр жасыл. Шынықтыру, артикуляциялық гимнастика. 2. Дидактикалық ойын «Біреу- көп» (педагог көкөніс деп жекеше түрінде айтса, балалар – көпше түрінде айтады: қызанақ – қызанақтар, не жоқ? - қызанақтар). Ана тілдегі емес сөздермен байланыстырады. 3. Сабақ қортындысы: Жаңа не білдіндер, не істедіндер? 4. Тәрбиеші балаларды жемісті еңбек үшін мадақтайды.	Жаттығулар орындайды, көпше түрінде сөздер ойластырып сураққа жауап береді. Өздігінше сөздерді қайталауға тырысады.

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек:

-үш тілдегі көкөністердің атаулары, жекеше түріде және көпше түрінде, қайда өсетіндерін, қашан жиналатындарын.

Нені игереді:

- Үш тілде көкөністердің атауларын көз алдына елестету.

Нені біледі:

- Көкөністердің сыртқы көрінісін және дыбыстауын сипаттағанда ажырата білу, белсенді сөзде атауларын қолдану.

- Көкөністердің пішіні, түсі, сыртқы ерекшеліктері, дәмі бойынша ажырату;

- Көкөністердің суреттен және естуі бойынша атау.

Ересектер тобына арналған ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім беру саласы: «Қарым-қатынас», «Таным», «Әлеуметтік орта»

Бөлімі: «Тіл дамыту», «Тілдің үштұғырлығының дамуы»

Тақырыбы: «Азық-түлік өнімдері»

Мақсаты: балаларды азық-түлік атауларын үш тілде таныстыру және оларды белсенді сөйлеуде қолдану.

Білім берушілік міндеті: балалардың азық-түлік және олардың әр түрлілігі және олар үш тілде қалай аталатыны туралы түсініктерін кеңейту.

Дамытушылық міндеті: «Азық-түлік» тақырыбы бойынша балалардың сөздік қорын кеңейту және белсендендіру.

Тәрбиелік міндеті: біздің дастарханымызды қамтамасыз етуге тырысатын адам әрекетінің нәтижесі ретінде тағамға деген қарым-қатынасын тәрбиелеу.

Алдын ала жұмыс:

- азық-түлік туралы жұмбақтар мен өлеңдер мазмұны жинағымен күнделікті тамақтануда қолданылатын негізгі азық-түліктердің суреттер жинағы.

- азық-түлік туралы жұмбақтарды және өлеңдерді жаттау, көркем шығармаларды оқу.

Сөздік жұмыс: нан, ірімшік, сут, ет, шұжық, хлеб, сыр, молоко, мясо, колбаса, bread, cheese, milk, meat, sausage.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиеші іс-әрекеті	Балалар әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды дөңгелектеніп отыруға шақырады және азық-түлік туралы жұмбақтардың шешімін табады. - Нан өнімдерін атаңдар. - Сендер дәмді нені жегенді ұнатасыңдар? Олар сендерге несімен ұнайды? - Сендер нанды немен жегеді ұнатасыңдар? Балалардың азық-түлік өнімдері жаңа білу және олар оқыған тілдерде қалай аталатыны туралы ықыластарын ояту.	Оқытылған тілдерде жаңа атауларын үйрену бойынша ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне қызығушылық танытады. Белгілі азық-түліктер туралы жұмбақтар шешеді, сұрақтарға жауап береді.
	Біз бүгін дүкендер сатылымында көретін, күнделікті тамақтанатын азық-түліктерді қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде айтылуын үйренеміз. Азық-түлік тақырыбындағы жұмбақтарды шешеді және балалар оның жауабын табуда белсенділік танытуы керек. Балалардың таным белсенділігіне жағдай жасау, негізгі азық-түлік болып табылатын кейбір өсімдіктер өсу үдерісін суреттейтін әдеби шығармалардан үзінділер: бидай – нан, бізге сүт беретін сиыр тамақтануға арналған шөптер, өсімдіктерді қолдану. 2. Тақтада сюжеттік суреттер еркін ретте орналастырылады. Балаларға суреттерді мұқият қарау ұсынылады	Тәрбиешіні тыңдап, себебін дәлелдеп, сұрақтарға жауап береді Сұраққа толық жауап береді, сөздерді қайталайды, азық-түліктердің дұрыс атауымен сәйкес сюжеттік суреттерді қояды. Жаңа сөздердің дұрыс айтылуын қайталау. Жаңа өлең жаттайды.

Рефлексивті-түзетушілік	Олардың мазмұнын дұрыс айтуға тырысу, қазақ, орыс ағылшын тілдерінде олар қалай атайтынын тыңдау. Жаңа сөздердің айтылуында дұрыс артикуляцияны көрсету, қазақ, орыс және ағылшын тілінде сөздердің айтлуында ерекшеліктерін белгілеп көрсету. 1. Артикуляциялық гимнастика 2. Суреттегі азық-түліктердің қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде атауы. 3. Суреттің көмегінсіз есте сақтау бойынша атау 3. Сабақты қорытындылау: - Сабақта біз нені үйрендік? - Жаңадан не білдік? 4. Тәрбиеші балаларға жемісті еңбектері үшін алғыс білдіреді.	Сұрақтаға жауап береді, көрнекіліктің көмегімен және көрнекіліксіз азық-түліктердің атын атап, жаттығуларды орындайды.
---------------------------------------	---	---

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек:

- дәмді анықтауға қолданылатын сын есімді қолдана отырып, үш тілде азық-түлік атауларын атауды.

Нені игереді:

- үш тілде азық-түліктің атаулары туралы түсінікті.

Нені біледі:

- белсенді сөйлеу тілінде азық-түлік атауларын, олардың сипаттамаларын қолдану, сыртқы түрі бойынша ажырату;

- азық-түлікті пішіні, дәмі, ерекшеліктері бойынша ажырату;

- суреттегі азық-түліктерді естіп, атауды.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

1. *Бабинская П. К.* Практический курс методики преподавания иностранного языка: английский, немецкий, французский. - Минск: 2003.
2. *Биболетова М. З.* Английский для маленьких, - М., 1994.
3. *Выготский Л.С.* Педагогическая психология. – М.,1998
Гез Н. И. Методика обучения иностранным языкам в начальной школе. М.: 1982.
4. *Коростелев В. С.* Обучение иноязычному общению на начальном этапе // Иностранные языки в школе. - 1992. - №1.
5. *Королевство трех языков.* В пяти книгах. ТОО «Шикула и К». Шымкент.- 2011.
6. *Леонтьева А. Л.* Возрастные и индивидуальные особенности школьников в процессе обучения иностранному языку // Иностранные языки в школе. - 1976. - №1.
7. *Леонтьев А. А.* Методика интенсивного обучения иностранным языкам // Иностранные языки в школе - 1985. - №3.
8. *Леонтьев А. А.* Психологические предпосылки раннего овладения иностранным языкам // Иностранные языки в школе. - 1985, - №5.
9. *Настольная книга преподавателя иностранного языка.* - Минск: 1999.
10. *Рогова Г. В.* Методика обучения иностранному языку в средней школе.- М.: 1991.
11. *Рогова Г. В.* Методика обучения английскому языку на начальном этапе в средней школе- М.: 1988.
12. *Хенина Н.В.* Игры на уроках английского языка.- Барнаул: 2006.

МАЗМҰНЫ

Түсіндірме жазба.....	3
Мектеп жасына дейінгі балаларға ана тілі мен шет тілдерін үйретудің тиімді бағдарламаларын қолдану бойынша шетел педагогтерінің озық тәжірибелерін талдау.....	5
Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық және тілдік қабілеттерін қалыптастыру әдістемесі.....	10
Тілдердің үштұғырлығын дамытуға арналған лексикалық материал.....	20
Мектеп жасына дейінгі балалардың үйренетін тілдері бойынша белсенді және пассивті сөздік қорларын дамыту шарттары.....	31
Көптілді оқытуда балалардың алған білімдерін бағалау критерийлері.....	36
Қосымша.....	39
Қолданылған әдебиет	52
Мазмұны.....	53